Халықтың азық-түлікке деген қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өнімділігі жоғары, тағамдық құндылығы жақсы ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру кез-келген аграрлық елдің алға қойған басты міндеттерінің бірі. Тағамдық құндылығы және өсірілетін алқап көлемі бойынша күздік бидай әлемде жетекші орында. Бүгінде бұл дақыл жер шарының барлық құрлығында 600 млн гектардан астам жерде өсіріледі. Қазақстан Республикасы дүние жүзінде бидайды экспортқа шығарушы елдердің арасында 6 орынды иеленеді.

Батыс Қазақстан облысында дәнді дақылдар, соның ішінде күздік дақылдар егуді Кенестер Одағы кезінен қолға алып, өсірумен шұғылданып келеді. Күздіктер жаздық дәнді дақылдарға қарағанда өнімділігі 5-6 ц/га артық, кейбір жылдары екі есеге дейін артып түседі, яғни күздік дақылдар өсіру экономикалық жағынан тиімді болып табылады.

Бидай өнімін және оның сапасын арттырудың ең тиімді және де бидай өндірісінің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін негізгі фактор – сорт.

Демек, кез-келген дақыл сорттарының өз потенциалдық мүмкіндіктерін толығымен көрсетуі үшін өсірілетін аймақтың табиғи-климаттық жағдайлары сәйкес болуы қажет. Сондықтанда дақыл сорттарын белгілі бір аймақта өсіру үшін міндетті түрде сол аймақтың барлық жағдайларының әсері алдын-ала зерттеледі, егер ол сорт потенциалдық мүмкіндігін барынша көрсете алатын болса ғана сол жерге аудандастырылады.

Алайда облысымызда өсірілетін күздік бидай сорттары Ресей және басқа елдердің селекциялық жетістіктері, өз облысымызда шығарылған сорт жоқ. Бұл өз кезегінде облыс шаруашылықтарын тұқыммен қамтылуы жағынан басқа көршілес елдердің тұқым шаруашылықтарына тәуелді етеді.

Яғни өз облысымызда күздік дақылдар сортын шығару, тұқымға деген өз қажеттілігімізді қамтамасыз ету кейінге қалдырылмайтын өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

ANNOTATION

The cultivation of agricultural crops with high yields and good nutritional value to ensure the food security of the population is one of the main tasks set by any agricultural country. In terms of nutritional value and the volume of cultivated areas, winter wheat occupies a leading position in the world. Today, this crop is grown on more than 600 million hectares on all continents of the globe. The Republic of Kazakhstan ranks 6th among wheat exporting countries worldwide.

In arid conditions of the West Kazakhstan region, winter wheat varieties Lutescens 72, Levoberezhnaya 3, Sozvezdie, Dzhangal, Kalach, Saratovskaya 90, Karabalykskaya 101, Bezenchukskaya, Komsomolskaya were comparatively studied by economic and biological characteristics in comparison with the zoned variety Pearl of the Volga region. Such indicators as productive bushiness, ear laceration, weight of 1000 grains were studied.

According to the results of a comprehensive selection evaluation conducted for winter wheat varieties at the steam agricultural farm, 3 samples were selected for yield and crop structure.

Түйін сөздер: күздік бидай, сорт, өнімділік, өсімдік биіктігі, масақ ұзындығы, өнімді түптену, масақтағы масақшалар саны, масақтағы дән саны, масақтағы дән салмағы.

Key words: winter wheat, variety, yield, plant height, ear length, crop germination, number of ears per ear, number of grains per ear, weight of grains per ear.

Кіріспе. Ғылыми деректерге жүгінсек, өсірілген жері мен сорттарына қарай күздік бидайдың өсіп-өну кезені 235 күннен 290 күнге дейін созылады екен. Бірақ бұл кезеннің ұзақтығы жылдың метеорологиялық жағдайына байланысты біршама өзгеруі мүмкін.

Біздің көп жылдық бақылауларымыз бойынша республикамыздың оңтүстігінде суармалы жерде егілген күздік бидай сорттары 221-253 күнде пісіп жетіледі. Оңтүстік Қазақстанның суармалы сұр топырағында өсірілген күздік бидай сорттарының өнімділігі гектарына 58,9-84,0 ц болады [2].

Зертханалық талдау нәтижелері көрсеткендей, күздік бидай сорттарының дәніндегі ақуыз 10,0-13,8%, дән клейковинасы 19,6-29,4%, көлемдік салмағы 786-813 г/л, 1000 дәннің салмағы 40,8-48,6 г аралығында ауытқыды [1].

Зерттеу мақсаты: Батыс Қазақстан облысы жағдайында күздік бидай сорттарын әртүрлі белгілері бойынша бастапқы селекциялық материал ретінде пайдалану мүмкіндігін анықтау.

Зерттеу әдістемесі. Эксперименттік зерттеулер 2013-2018 жылдары Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің тәжірибе танабында жүргізілді.

Тәжірибенің мөлтек ауданы-1200 м², есепке алынатын мөлтек ауданы-60 м².

Мөлтек аудандар рендомизм әдісі бойынша үш қайталанымда орналасты.

Тәжірибеде зерттеу нысандары ретінде отандық және шет елдік селекциясы барысында шығарылған күздік бидайдың он сортымен жүргізілді: Жемчужина Поволжья, Лютесценс 72, Созвездие, Джангаль, Левобережная 3, Калач, Саратовская 90, Безенчукская, Карабалыкская 101, Комсомольская 75. Сорттарды себу жұмыстары барлық агротехникалық талаптарды сақтай отыра СКП-2,1 астық сепкішімен жүзеге асырылды. Өсімдіктерді бақылау мен талдау жалпылама әдістеме бойынша жүргізілді. Сорттарды сынау мен бағалау аудандастырылған Жемчужина Поволжья сортымен салыстыру арқылы орындалды. Күздік бидай сорттарын жинау селекциялық Wintersteiger classic комбайнымен, дақыл толық піскенде тікелей ору тәсілімен орындалды. Үлгілерді механикалық ластанудан сақтау мақсатында, ору жұмыстары әрбір сорт бойынша бөлек жүргізілді. Мәліметтерге математикалық өңдеу AGROS 2.11 бағдарламасымен жүзеге асырылды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Әрбір дақылдың өнімінің қалыптасуы оның вегетативтік мүшелерінің қалыптасу ерекшеліктеріне байланысты. Осыған байланысты сорттардың вегетативтік мүшелерін қалыптастыруларының ерекшеліктерін және вегетативтік массасын жинақтауын зерттеу мақсатында күздік бидай сорттары өсімдіктерінің биіктігі және масақтарының ұзындығы өлшеніп, салыстырылды.

Бұл зерттеулер нәтижесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте - Күздік бидай сорттарының өсімдік биіктігі мен масақ ұзындығы (2012-2017 жж)

Көрсеткіштер	Сорттар									
	Жемчужина Поволжья	Лютесценс 72	Левобережная 3	Безенчукская	Созвездие	Комсомольская 75	Джангаль	Калач	Саратовская 90	Карабалыкская 101
Масақ ұзындығы, см	8,0	7,0	7,0	9,0	8,0	8,0	9,0	9,0	8,0	8,0
Өсімдік биіктігі, см	84	70	84	71	95	79	83	88	86	101

Өсімдіктердің биіктігі бойынша зерттелген күздік бидай сорттарының арасында едәуір айырмашылықтар байқалды. Стандарт Жемчужина Поволжья сортымен салыстырғанда (84 см), Карабалыкская 101 сортының өсімдік биіктігі 101 см, ал Созвездие сортының өсімдік биіктігі 95 см биік болды. Зерттелген Лютесценс 72 сортының өсімдік биіктігі Жемчужина Поволжья сортымен салыстырғанда 14 см аласа болды.

Масақтарының ұзындығы бойынша зерттелген сорттардың арасында 7,0 - 9,0 см айырмашылық болды. Бұл жерде стандарт сортпен салыстырғанда кейбір зерттелген күздік бидай сорттарының масағы ұзындау болғанын атап өту қажет. Стандарт Жемчужина Поволжья сортының масақ ұзындығы 8,0 см болса, Лютесценс 72, Левобережная 3 сорттарының бұл көрсеткіші 1 см-ге төмен болды. Безенчукская, Джангаль және Калач сорттарының бұл көрсеткіштері бойынша Жемчужина Поволжья сортынан тиісінше масақтары 1 см-ге ұзын болды.

Масақ ұзындығы мен оның бойында қалыптасатын масақшалар санының арасында тікелей байланыс болады. Яғни бір масақ бойында қалыптасатын дән саны артады.

Қорыта келгенде өсімдік биіктігі мен масақ ұзындығының артық болуы дақыл бойында қалыптасатын өнім мөлшеріне әсері болады. Сондықтан зерттелген сорттардың морфобиологиялық артықшылығы да қосымша өнім алуға ықпал етеді.

Күздік бидай сорттарын зерттеулер нәтижесі мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Калач сорты морфобиологиялық ерекшеліктері бойынша стандарт Жемчужина Поволжья сортынан артықшылықтарын көрсетті.

Кез келген дақылдардың, олардың сорттарының, өнімділігінің түзілуі бір қатар құрылымдық элементтердің қалыптасу ерекшеліктерімен байланысты болады. Мұндай өнімнің құрылымдық элементтерінің қатарына өсімдіктің жалпы және өнімді түптену коэффициенттері, орташа бір масақтағы дән саны, 1000 дәннің массасы жатады. Бұл көрсеткіштердің қалыптасуы дақылдың ерекшеліктеріне байланысты болады және олар тұқым қуалайтын болғандықтан дақыл сорттарын сипаттайтын белгі болып табылады.

Біздің тәжірибемізде күздік бидай сорттарының өнімділігінің құрылымдық элементтері 2-ші кестеде келтірілген.

2-кесте – Күздік бидай сорттары өнімділігінің құрылымы (2012-2017 жж)

Сорттар	Түптену коэффициенттері		1 масақтағы дән саны, дана	1000 дәннің салмағы, г
	Жалпы	Өнімді		
1	2	3	4	5
Жемчужина Поволжья	2.0	1.9	28	29.0
Лютесценс 72	1.8	1.6	30	32.0
Левобережная 3	1.9	1.8	24	29.0
Безенчукская	2.1	2.0	27	32.0
Созвездие	2.3	2.2	34	35.0
Комсомольская	1.7	1.8	32	32.0
Джангаль	2.4	2.3	33	32.0
Калач	2.5	2.3	29	31.0

1	2	3	4	5
Саратовская 90	1.9	1.8	28	33.0
Карабалыкская 101	1.9	1.7	32	29.0

Өнімді түптену коэффициенттері зерттелген сорттар арасында 1,6-2,3 айырмашылықта байқалды. Жемчужина Поволжья стандарт сортымен салыстырғанда ең жоғары өнімді түптілік Джангаль және Калач сорттарында болды.

Зерттелген жаздық жұмсақ бидай сорттарында 1 масақтағы дән саны 24,0-34,0 дана аралығында болды. 1 масақтағы дән саны бойынша Созвездие сорты зерттеудегі стандартпен салыстырғанда 6 дана дәні артықшылығымен ерекшеленеді. 1000 дәннің салмағы бойынша Созвездие сорты стандарттан 6 г артық болды.

Дақыл сорттарының өнімділік құрылымы қалыптастыруларының ерекшеліктерін және өнім салмағының жинақталуын зерттеу мақсатында күздік бидай сорттарының өнімділігі және стандарттан ауытқуы салыстырылады.

2012 жылы зерттелген күздік бидай сорттарының орташа өнімділігі 14,0 ц/га құрады. Стандарт Жемчужина Поволжья сортымен салыстырғанда, селекциялық үлгілер 1,6-4,5 ц/га төмен болды.

2013 жылы зерттелген күздік бидай сорттарының орташа өнімділігі 14,0 ц/га құрады. Өнімділігі бойынша стандарт Жемчужина Поволжья сортымен салыстырғанда, Калач сорты 1,6 центнерге артық болды.

2014 жылы зерттелген күздік бидай сорттарының орташа өнімділігі 14,0 ц/га құрады. Дақылдардың өнімділігі бойынша зерттелген күздік бидай сорттарының арасында бірқатар ерекшеліктер бар. Стандарт Жемчужина Поволжья сортымен салыстырғанда, Саратовская 90, Созвездие, Джангаль сорттарының өнімділігі 0,2-1,7 центнерге артық болды, ал Левобережная 3 сортының өнімділігі стандартпен салыстырғанда 3,3 центнерге жоғары болды.

2015 жылы зерттелген күздік бидай сорттарының орташа өнімділігі 30,6 ц/га құрады. Сорттардың өнімділігі бойынша зерттелген күздік бидай сорттарының арасында едәуір ерекшеліктер байқалды. Стандарт Жемчужина Поволжья сортымен салыстырғанда, Созвездие, Джангаль сорттарының өнімділігі 2,7-8,6 центнерге артық болды, ал зерттелген Карабалыкская 101 сортының өнімділігі стандарт Жемчужина Поволжья сортымен салыстырғанда 11,0 центнерге жоғары болды. Стандарттан ауытқуы бойынша зерттелген сорттардың арасында 0,6 – 11,0 ц/га ерекшелік болды. Бұл жерде стандарт сортпен салыстырғанда Джангаль және Карабалыкская 101 сорттарының стандарттан ауытқуы жоғары болды.

2016 жылы зерттелген күздік бидай сорттарының орташа өнімділігі 32,5 ц/га құрады.

Өсімдіктердің өнімділігі бойынша зерттелген күздік бидай сорттарының арасында едәуір айырмашылықтар байқалды. Стандарт Жемчужина Поволжья сортымен салыстырғанда, Созвездие, Джангаль сорттарының өнімділігі 2,9-8,8 центнерге артық болды, ал зерттелген Карабалыкская 101 сортының өнімділігі стандарт Жемчужина Поволжья сортымен салыстырғанда 11,0 центнерге жоғары болды. Стандарттан ауытқуы бойынша зерттелген сорттардың арасында 0,8 – 11,0 ц/га айырмашылық болды. Бұл жерде стандарт сортпен салыстырғанда Джангаль және Карабалыкская 101 сорттарының стандарттан ауытқуы жоғары болғанын атап өту қажет.

2017 жылы күздік бидай көшеттігі бойынша орташа өнімділік 35,2 ц/га құрады. Барлық зерттелген үлгілер стандарттан +2,1-+5,8 ц/га аралығында асып түсті. Көшеттіктен жиналынған өнімділіктің үлес салмағы бойынша, стандарттан жоғары көрсеткіш мына үлгілерде Джангаль және Созвездие 47,0-47,4 ц/га (+15,0-+15,4 ц/га) байқалды. Стандарттан ауытқуы бойынша зерттелген сорттардың арасында 2,1-15,4 ц/га айырмашылық болды. Бұл жерде 3 жылдық орташа өнімділік мәліметтері негізінде стандарт сортпен салыстырғанда Карабалыкская 101 38,8 ц/га (+8,6 ц/га), Созвездие 37,2 ц/га (+7,0 ц/га) және Джангаль 41,0 ц/га (+10,8 ц/га) сорттарының жоғары болғанын атауымыз қажет.

Қорыта келгенде зерттелген күздік бидай сорттары өнімділігінің құрылымы бойынша Джангаль және Калач сорттарында масақ ұзындығы 9,0 см болды, Созвездие сортында 1 масақтағы дән саны 34 данаға тенелді, ал 1000 дәннің салмағы Созвездие сортында 35,0 г тиесілі. Өнімді түптену коэффициенті 2,3 Джангаль және Калач сорттарында байқалды. Өсімдік биіктігі көрсеткіші 101 см Карабалыкская 101 сортына тиесілі. Өнімділік және құрылымдық элемент белгілері бойынша озық шыққан сорттарды бастапқы материал алу үрдісінде ата-аналық түр ретінде пайдалануға болады.

3-кесте – Күздік бидай сорттарының өнімділігі (2012-2017 жж)

Сорттар	2012		2013		2014		2015		2016		2017		Орташа өнімділік, ц/га	Стандарттан ауытқуы,±, ц/га
	Өнімділік, ц/га	Стандарттан ауытқуы,±, ц/га	Өнімділік, ц/га	Стандарттан ауытқуы,±, ц/га	Өнімділік, ц/га	Стандарттан ауытқуы,±, ц/га	Өнімділік, ц/га	Стандарттан ауытқуы,±, ц/га	Өнімділік, ц/га	Стандарттан ауытқуы,±, ц/га	Өнімділік, ц/га	Стандарттан ауытқуы,±, ц/га		
Жемчужина Поволжья	16.7	-	16.4	-	32.9	-	28.4	-	30.2	-	32.0	-	26.1	-
Лютесценс 72	13.5	-3.2	14.7	-1.7	31.1	-1.8	29.7	+1.3	31.5	+1.3	25.7	-6.3	24.4	-1.7
Левобережная 3	14.4	-2.3	11.2	-5.2	36.2	+3.3	30.0	+1.6	32.0	+1.8	34.1	+2.1	26.3	+0.2
Безенчукская	13.1	-3.6	15.7	-0.7	22.7	-10.2	29.0	+0.6	31.0	+0.8	31.0	-1.0	23.8	-2.3
Созвездие	12.2	-4.5	11.2	-5.2	34.2	+1.3	31.1	+2.7	33.1	+2.9	47.4	+15.4	28.2	+2.1
Комсомольская	12.2	-4.5	12.2	-4.2	22.8	-10.1	27.4	-1.0	29.2	-1.0	27.0	-5.0	21.8	-4.3
Джангаль	15.0	-1.7	10.0	-6.4	34.6	+1.7	37.0	+8.6	39.0	+8.8	47.0	+15.0	30.4	+4.3
Калач	13.0	-3.7	18.0	+1.6	23.0	-9.9	28.0	-0.4	30.0	-0.2	37.8	+5.8	25.0	-1.1
Саратовская 90	15.1	-1.6	16.3	-0.1	33.1	+0.2	26.0	-2.4	27.9	-2.3	34.1	+2.1	25.4	-0.7
Карабалыкская 101	14.6	-2.1	14.1	-2.3	27.3	-5.6	39.4	+11.0	41.2	+11.0	35.7	+3.7	28.7	+2.6
Орташа	14.0	-	14.0	-	29.8	-	30.6	-	32.5	-	35.2	-	26.0	-
ЕКЕА _{0,05}	0,2		0,3		0,2		0,5		0,6		2,5		0,7	-

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жанғазиев А.С., Нұрбеков С.И. Күздік бидайдың интенсивті сорттарын шығарудағы әлемдік жетістіктер және Қазақстандағы практикалық селекция нәтижесі // Жаршы. – 2001. - №9. – Б.15.

2. Кожабаев Ж.И., Хлопов В.М., Кучкаров Е.Х. Плодосмен на орошаемых землях Казахстана. - Алма-Ата, 1996. - 73 с.

ÄDEBIËTTER TIZIMI

1. Janǵaziev A.S., Nǔrbekov S.İ. Kǔzdik bidaidyñ intensivti sorttaryn syǵarudaǵy älemdik jetistikter jäne Qazaqstandaǵy praktikalıyq seleksiya nätijesi // Jarşy. – 2001. - №9. – B. 15.

2. Kojabaev J.İ., Hlopov V.M., Kuchkarov E.H. Plodosmen na oroşаемых zemlyah Kazahstana. - Alma-Ata, 1996. - 73 s.

РЕЗЮМЕ

Возделывание сельскохозяйственных культур с высокой урожайностью, хорошей пищевой ценностью для обеспечения продовольственной безопасности населения является одной из главных задач, поставленных любой аграрной страной. По пищевой ценности и объему возделываемых площадей озимая пшеница занимает лидирующие позиции в мире. Сегодня эта культура выращивается на более чем 600 млн гектаров на всех континентах земного шара. Республика Казахстан занимает 6 место среди стран-экспортеров пшеницы во всем мире.

В засушливых условиях Западно-Казахстанской области были сравнительно изучены по хозяйственно-биологическим признаками сорта озимой пшеницы Лютесценс 72, Левобережная 3, Созвездие, Джангаль, Калач, Саратовская 90, Карабалыкская 101, Безенчукская, Комсомольская в сравнении с районированным сортом Жемчужина Поволжья. Были исследованы такие показатели как продуктивная кустистость, озерненность колоса, масса 1000 зерен.

По результатам комплексной селекционной оценки, проведенного сортам озимой пшеницы на паровом агрофоне по урожайности и структура урожая были выделены 3 образца.

ӘОЖ 633.11

DOI 10.52578/2305-9397-2021-2-2-32-41

Туребаева С.Д., Ph.D докторант, **негізгі автор**, <https://orcid.org/0000-0001-5516-2830>

Түркістан жоғары аграрлық колледжі, Жібек жолы даңғ., 4/4, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы, baha_170391@mail.ru

Сыдықов М.А., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, <https://orcid.org/0000-0001-5516-2830>

«Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, 050010, Әл-Фараби даңғ., 3, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы, baha_170391@mail.ru

Turebaeva S.D., Ph.D. student, the main author

Turkestan Higher Agrarian College, 4/4 Zhibek zholy Ave, Shymkent, Republic of Kazakhstan

Sydyqov M.A., Candidate of Agricultural Sciences

«Southwest Scientific Research Institute of Livestock And Plant Production» LLP, Al-Farabi Ave., 3, Shymkent, Republic of Kazakhstan

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНДЕ КҮЗДІК БИДАЙДЫҢ ӨСІП - ДАМУЫНА
ТІКЕЛЕЙ ЕГІП ӨСІРУ КЕЗІНДЕГІ ҚАЛЫПТАСҚАН АУА РАЙЫНЫҢ ӘСЕРІ
INFLUENCE OF WEATHER ON THE GROWTH AND DEVELOPMENT OF WINTER
WHEAT IN THE SOUTH KAZAKHSTAN REGION**

Аннотация

Мақалада зерттеу нәтижелеріне сәйкес күздік бидай дақылдарын өсіруде өсуді үдеткіш, микротыңайтқыштарды және макротыңайтқыштарды қолдану нәтижесінде тікелей себудің тиімді агротехнологиялық әдіс екендігі анықталып баяндалған.

Қоректендіру жүйесін жақсарту нәтижесінде 1000 дәннің массасы артып, P₄₅N₇₀ кг/га минералды тыңайтқыштарын қолданған нұсқада 37,5-37,2 г болды, бұл көрсеткіш бақылау нұсқасынан едәуір жоғары қалыптасты (30,6-30,3 г), өскінді үдеткіш пен микро

тыңайтқыштарды қолданған кезде зерттеулер жүргізілген жылдары 1000 дәннің массасы 35,1-34,6 г құрады, тыңайтқышсыз (бақылау) нұсқасымен салыстырғанда едәуір жоғары болды.

Фосфорлы тыңайтқыштар аясында P_{30} кг/га азот тыңайтқыштарын N_{50} және N_{70} мөлшерінде енгізгенде астық өнімділігі бақылауға қарағанда 19,0-21,8 ц/га-ға артып, әр гектардан тұрақты астық шығымын қалыптастырды 31,8 және 34,6 ц/га деңгейінде, яғни фосфор-азотты тыңайтқыштарды қолдану, қоректену жүйесін теңгеріп, осы қоректік элементтерге өсіп-даму кезеңінде қажеттіліктерін қанағаттандырып, дән өнімділігін жоғарғы деңгейде қалыптастырды.

Тұқымдарды егу алдында «Вымпел» 0,5 л/т өскін үдеткішімен және «Оракул» 1,0 л/т микротыңайтқыштарымен өңдеу кезінде «Дивиденд экстрим 115» т.к.с. фунгицидімен күздік бидай дәнін бір мезгілде 10 л/т суда ерітіп өндеп, күзде «Вымпел» - 0,5 л/га өскін үдеткішімен күздік бидайдың түптену кезеңінде, «Оракул» - 2,0 л/га микротыңайтқышымен бірге өндеп, ең соңғы жапырақ шығарар кезінде де 2,0 л/га «Вымпел», 0,5 л/га мөлшерінде «Оракул» өскінді үдетуші затпен егістік танапты өңдеу кезіндегі орташа екі жылдағы өнімділік 25,9 ц/га құрап, тыңайтқыштар қолданылмаған бақылау нұсқасынан дән өнімінің 2 есе артқанын анықтадық.

ANNOTATION

The article presents the results of the study on the use of growth stimulators and micro-macro fertilizers depending on the weather and climatic conditions during direct seeding of winter wheat with an advantageous agrotechnological technique.

With the improvement of nutritional conditions the weight of 1000 grains and their value of 37.5-37.2 g was obtained with the usage of the mineral fertilizers P_{45} N_{70} kg/ha, which has significantly exceeded the control (30.6-30.3 g). The years of the experiments using growth stimulators and micro fertilizers showed the weight of 1000 grains with 35.1-34.6 g, which has significantly exceeded the experiments without fertilizers (control).

The usage of phosphorous fertilizers P_{30} kg/ha and the addition of nitrogen fertilizers in the rate of N_{50} and N_{70} contributed to an increase in grain productivity by 19.0-21.8 c/ha compared to control, formed a stable high yield of grain per hectare at 31, 8 and 34,6 c/ha, that is, the use of phosphorus-nitrogen fertilizers balanced nutritional regime and satisfied the needs of winter wheat throughout the growing season, and thus formed a high yield of grain.

Seeds were treated with growth stimulator «Vympel» at the rate of 0.5 l/t and micro fertilizer «Orakul» at a rate of 1.0 l/t, and with simultaneous grain treatment «Dividend Extreme 115», with the suspension concentrate at the rate of 0.5 l/t with a working fluid consumption of 10 l/t before seeding. The autumn leaf treatment of winter wheat in the phase of tillering was carried out with growth stimulator «Vympel» - 2.0 l/ha. The treatment with this stimulator was also carried out in early spring phase of tillering and in the phase of the flag leaf. The treatment rates of growth stimulator and micro fertilizers resulted in yield of winter wheat grain about 25.9 c/ha for two years or increased in 2.0 times compared with the unfertilized control.

Түйін сөздер: күздік бидай, тікелей егу, өсіру, ауа райы, әсері, фосфор, азот, тыңайтқыштар, микротыңайтқыштар, өскін үдеткіштер.

Key words: winter wheat, direct seeding, growing, weather, effect, phosphorus, nitrogen, fertilizer, micronutrients, seed gas pedals.

Кіріспе. Оңтүстік Қазақстан өңірінде дәнді дақылдардың ішінде күздік бидай дақылы ең негізгілерінің бірі болып саналады. Күздік бидай егісі Оңтүстік Қазақстан облысында жыл сайын 230-240 мың га егіс көлемін құрайды. Ауыл шаруашылығы дақылдарын қазіргі заман талабына сай нарықтық экономикалық бәсекеге байланысты арамшөптермен күрес жүргізе отырып шығынды аз жұмсап, өнімді жоғарылату бүгінгі ғылымның басты бағытына ие. Қазіргі кезде ұсақ, орта шаруа қожалықтарында және өндірістік кәсіпорындарда күздік бидайдың өнімділігі күрт төмендеп кетті. Оның себебі ауыл шаруашылығы дақылдарына агротехнологиялық күтіп баптау жұмыстарының дер кезінде жүргізілмеуі және ауыспалы егіс жүйесінің игерілмеуінің әсерінен болып отыр. Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы дақылдарын егіп-өсіруде егіс алқабының топырағын негізгі өңдеуге және егер алдындағы топырақты майдалап уақтауға кететін барлық шығын мөлшерінің 40-45 пайызды құрайтындығы баршамызға белгілі, ал осы шығынды азайту – аграрлық ғылымның өзекті мәселелерінің бірі.

Тыңайтқыштардың тиімділігі топырақта табиғи қалыптасқан құндылығына, жана сорттарға, себу мерзіміне, себу тәсіліне тыңайтқыштардың мөлшеріне, тағы көптеген факторларға байланысты. Қазақстанның ғалымдары жұмыстарында күздік бидайдан 30-35 ц/га дән алу үшін және осы мөлшерге байланысты сабанды қоса есептегенде, 108 кг азот, 30 кг фосфор (P_2O_5) және 168 кг/га (K_2O), ал 55-60 ц/га өнімге тиісінше 205-215 кг/га азот; 60-65 кг/га фосфор; 235-250 кг/га калий жұмсалды [1].

Күздік бидайға қолданылған минералды тыңайтқыштар, оның тек өнімін жоғарылатып қана қоймай, олардың сапа көрсеткіштерінің өзгеруіне де әсерін тигізеді [2].

Б.С. Басибеков, А.А. Жанталипа, А.К. Умбетовтердің [3] пікірлерінше азот тыңайтқыштары өнімділікті және дән құрамындағы жалпы азоттың мөлшерін жоғарылатады және өсімдіктің өсіп-дамуы өте қарқынды жүреді.

Әдибиетке шолу барысында көптеген ғылыми зерттеулер нәтижелерінде сүйене отырып әр аймақтың топырақ-климаттық ерекшеліктеріне байланысты және өсірілетін дақылдың биологиялық өзгешелігін ескере отырып, тиімді агротехнологиялық жүйені жасақтау бүгінгі нарықтық бәсекелестік жағдайда басым бағытқа ие екенін байқадық. Демек, Оңтүстік Қазақстанның тәлімі жерлерінде күздік бидайды топырақты өңдемей тікелей сеуіп "нөлдік" макроминералды, микроминералды және өскінін үдетуші заттарды қолданып агротехнологиялық үлгісін жасақтау осы ғылыми жұмыстың басым бағыты болып табылады.

Зерттеудің мақсаты - Оңтүстік Қазақстан өңірінің тәлімі жерлерінде топырақты өңдемей күздік бидайды тікелей себу кезінде макротыңайтқыштарды, микротыңайтқыштарды және өскінді үдетуші заттарды қолданудың ғылыми негізделген тәсілін, мөлшерін және мезгілін анықтау.

Зерттеудің міндеттері:

-«нөлдік» технологиялық жүйесінде тыңайтқыштарды қолдану мөлшеріне тәсіліне және мезгіліне байланысты күздік бидайдың өсуі мен дамуы ерекшеліктерін анықтау;

- кәдімгі сұр топырақты тәлімі аймақта күздік бидайды топырақты өңдемей тікелей сеуіп өсіру кезінде ылғалмен қамтылуы және тыңайтқыштар қолдану деңгейіне сәйкес өнім құрылымын қалыптастыру ерекшеліктерін зерттеу;

- күздік бидай егістігінің тікелей сеуіп өсірген кездегі арамшөптермен ластану дәрежесін анықтау және жаңа жүйелік гербицидтермен өңдеу нәтижесі;

- күздік бидайды тікелей себу агротехнологиялық жүйесінде қолданылған тыңайтқыштардың экономикалық тиімділігін есептеу.

Зерттеу зерзаты күздік бидайдың егуге рұқсат етілген «Стекловидный 24» сорты болып табылады.

Зерттеу әдістемесі. Зерттеу жұмыстары Шымкент қаласы «Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-ның тәжірибе танабында жүргізілді. Топырақ түрі кәдімгі сұр, сазды және құмдық қабаттан тұрады. Далалық тәжірибе жүргізілген егістік танап ылғалмен толық қамтамасыз етілген аймақта орналасқан.

Тәжірибелер кезінде ауа-райының жағдайын «Шымкент Агро» агрометеорологиялық станциясының деректері қолданылды. Тәжірибелерді қою, есеп, бақылау және алынған мәліметтерді статистикалық, математикалық өңдеу және дисперсиялық талдау жұмыстары Б.А. Доспехов [4] әдістемесі бойынша жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау. Қазақстанның Оңтүстік өңірінде соңғы жылдары (2006-2018 ж) академик Сыдық Д.А. жетекшілігімен күздік бидайды қысқа ротациялы ауыспалы егіс жүйесінде топырақты жеңіл өңдеп және танапты өңдемей тікелей егіп өсірудің агротехнологиялық жүйесін ертеден ұсынылған дәстүрлі агротехнологиялық жүйемен салыстырмалы зерттеп келеді. Зерттеулер нәтижесі бойынша жинақталған ғылыми деректерге сәйкес күздік бидайды топырақты өңдемей тікелей егіп өсіру кезінде дәстүрлі ұсынылған агротехнологиялық жүйемен салыстырғанда өндірістік жұмсалған шығын 30,2%, жанар-жағармай шығыны 38,6%, өзіндік құны 26,3% төмендеп, таза табыс 16,7% артқаны айқындалды. Өнімділік көрсеткіштері дәстүрлі технологиямен деңгейлес ал кей жылдары 12-21 % жоғары болатынын анықтаған [5-7].

Зерттеу жұмыстары тәжірибе сызбасына сәйкес; 1.Тыңайтқышсыз (бақылау); 2. Егу кезінде фосфор P_{30} кг/га мөлшерінде бір мезетте ендіру; 3. Егу кезінде фосфор P_{45} кг/га мөлшерінде бір мезетте қолдану; 4. Егу кезінде фосфор P_{30} кг/га мөлшерінде бір мезетте өндіру

және ерте көктемде азот N_{50} кг/га мөлшерінде үстеп қоректендіру; 5. Егу кезінде фосфор P_{30} кг/га мөлшерінде бір мезетте ендіру және ерте көктемде азот тыңайтқышымен N_{70} кг/га мөлшерінде үстеп қоректендіру; 6. Егу кезінде фосфор P_{45} кг/га мөлшерінде бір мезетте ендіру және ерте көктемде азот тыңайтқышымен N_{50} кг/га ұстап қоректендіру; 7. Егу кезінде фосфор P_{45} кг/га мөлшерінде бір мезетте ендіру және ерте көктемде азот тыңайтқышымен N_{70} кг/га ұстап қоректендіру; 8. Бұл нұсқада өсімдік өсуін үдеткіш "Вымпел" 0,5 л/т + "Оракул" микротыңайтқышымен және фунгицидпен дәрілеу кезінде 0,5-1,0 л/т және жапырағы арқылы түптену кезінде 0,5 л/га мөлшерінде «Оракул» микротыңайтқышымен 2,0 л/га бірге қолдандық. «Оракул» микротыңайтқышты сабақтану және ең соңғы жапырақ шығарған кезінде де 2,0 л/га + "Вымпел" – 0,5 л/га мөлшерінде өскінді үдетуші зат егістік танапқа бірге берілді.

Айта кеткен жөн, аталмыш өсімдік өсуін үдеткіш "Вымпел" және микротыңайтқыш "Оракулді" кез келген гербицидпен, инсектицидпен фунгицидпен және биопрепараттармен бірге қолдануға болады. Дегенмен қолданар алдында олардың үйлесімділігін тексерген жөн.

2018 жылы қазан айында 44,2 мм жауын жауып (I – онкүндікте 7,3 мм, II – онкүндікте – 14,8 мм, III – онкүндікте – 22,1 мм) күздік бидайды «нөльдік» технологиямен егуге өте ыңғайлы болды, және біркелкі тез өскін алуға қолайлы ауа райы қалыптасты. Нәтижесінде егілген дәннің 70-80 % еккеннен соң 11 тәулікте толық өскін шығарды. Айта кеткен жөн, "нөльдік" технологиямен егілген танаптағы далалық егістік өнгіштігі 87,8-94,7 % аралығында ауытқыды, бұл өте жоғары көрсеткіш. Әрине қалыптасқан ауа райының жауынды болуы және қазан айының орташа температуралық көрсеткішінің көпжылдық деңгейде қалыптасып +12,3 °C жылы болуы күздік бидай дәнінің өскін беруін қарқындылап далалық егістік өнгіштігін жоғарылатты.

Қараша айының бас кезінде тәуліктік орташа температуралық көрсеткіш төмен болып қалыптасты (I – онкүндікте + 4,4°C, II – онкүндікте + 2,4°C, III – онкүндікте + 4,5°C), нәтижесінде осы айдың орташа көрсеткіші +3,8°C қалыптасып 85,3 мм жаңбыр жауып күздік бидайдың дамуын баяулатты дегенмен айдың соңына қарай күздік бидай өскіні толығымен түптену дәуіріне өтті.

Қыс айларында желтоқсан (67,2 мм), қаңтар (80,5 мм) ақпан (74,3 мм) айларында жауған жауын мөлшерінің қосындысы 222,0 мм құрап, көпжылдық көрсеткішпен деңгейлес (234,0мм) болды. Ауа орташа айлық температуралық көрсеткіші +2,0 - +3,0°C төңірегінде ауытқыды.

Негізінен жауған жауын шашын және түскен қар жұқалтаң болып (7-11 см), егістік танапта тоң болмады. Күздік бидайдың қыстап шыққан түп саны тыңайтқыш қолданылған нұсқада 261,8-310,6 дана/м² төңірегінде қалыптасты. Яғни, егілген дәннің 74,8-88,7 % қыстап шыққан. Демек, күздік бидайды егу кезінде бір мезетте қолданылған фосфор тыңайтқыштарының күздік бидайдың қыстың қолайсыз және келеңсіз ауа райына шыдамдылығын арттырып жоғарылатуға оң ықпал еткенін анықтадық.

Наурыз айының бас кезінен орташа тәуліктік температура көпжылдық орташа температурадан едәуір жоғары қалыптасып айдың орташа көрсеткіші 10,8°C болды, яғни нормадан 1,6 есе жылы болып қалыптасты. Демек күздік бидайдың қарқынды өсіп дамуына температураның жылы болуы оң ықпал етті. Осы айда түскен жауын мөлшері небәрі 30,1 мм құрап, көпжылдық мөлшерден 2,7 есе аз жаңбыр болғанын анықтадық. Дегенмен күз және қыс айларында жауған (351,5 мм) жаңбырдың топырақ құрамына барынша терең бойлап (1,4-1,7 м тереңдікке сіңген), наурыз айындағы жауынның аз болғаны күздік бидайдың өсіп дамуына кері әсер етпегенін байқадық. Дегенмен күздік бидай егістік танабының ең жоғарғы қабатындағы 0-10 см тереңдікте ылғал қоры 13,9-14,1 мм деңгейінде ауытқыды.

Сәуір айы жаңбырлы болды (I – онкүндікте 55,1 мм, II – онкүндікте – 34,6 мм, III – онкүндікте – 48,7 мм), жауған жауынның жиынтығы 138,4 мм құрап, көпжылдық көрсеткіштен 2,0 есе артық жауды. Осы айдың бірінші және екінші онкүндігіндегі орташа тәуліктік температура сәйкесінше 13,7°C және 15,4°C деңгейінде қалыптасып күздік бидайдың қарқынды өсіп түтіктеніп сабақ шығару дәуіріне өтуіне және бойлап биіктен өсуіне өте қолайлы ауа райы қалыптасты. Осы айдың бірінші онкүндігінің соңына қарай (8.04.2019 ж)

ылғал қорының 0-100 см тереңдіктегі көрсеткіші 190,6 мм, ал екінші он күндіктің соңында (18.04.2019 ж) анықталған ылғал қорының 0-100 см тереңдіктегі көрсеткіші 182,0 мм құрады. Бұл көрсеткіш егістік танаптағы өте жоғарғы ылғал қорының жинақталғанын анықтады.

Мамыр айының екінші онкүндігінде тәуліктік орташа температуралық көрсеткіш +21,4 °С көтерілді. Бұл көпжылдық нормадан +2,8°С жоғары, үшінші онкүндікте 20,9°С құрап, мамыр айындағы температуралық көрсеткіштің (19,9°С) көпжылдық деңгейінен 1,3°С жоғары болып қалыптасты, ал түскен жауынның мөлшері 23,8 мм немесе көпжылдық нормадан 2,4 есе аз жауды. Дегенмен, күздік бидай өсіп дамуын қалыпты қарқынды жалғастырды, топырақ құрамындағы 0-100 см тереңдіктегі ылғал қоры мамыр айының 8 жұлдызында 151,9 мм, ал осы айдың 18 жұлдызында 143,3 мм болды, айдың соңына қарай 28.05.2019 ылғал қоры 0-100 см тереңдікте 94,9 мм құрады. Егістік танаптың айдау қабатындағы (0-30см) ылғал қоры 15,7 мм дейін төмендеді.

Қалыптасқан ауа райына және тыңайтқыштар қолдану ерекшеліктеріне байланысты күздік бидайдың өсіп дамуында айтарлықтай өзгешілік болды. Мысалы үшін, күздік бидайдың масақтану кезеңінде қолданылған тыңайтқыштар қолданылмаған нұсқадан 2-6 тәулікке кешіккенін анықтадық. Тыңайтқыш қолданылмаған бақылау нұсқасында күздіктің масақ шығаруы мамыр айының 11 жұлдызында болса, фосфор және азот тыңайтқыштарының толық нормасын $P_{45} N_{70}$ кг/га қолданған нұсқада күздіктің бас шығару кезеңі 17 мамыр күні болды, ал дән байлау кезеңінің басталуы мамыр айының соңында (27.05.2019 ж) байқалды, ал тыңайтқыш қолданылмаған нұсқада дән байлау кезеңі 20 мамыр күні басталды. Демек, күздік бидайды күтіп-баптау және тыңайтқыштар қолдану вегетациялық өсіп -аму кезеңін ұзартуға оң ықпал ететінін анықтадық.

Маусым айының бірінші онкүндігінде 14 мм деңгейінде өткінші жауын болды және осы айдың бірінші онкүндігінде ауа температурасы 21,4 °С, ал екінші онкүндігінде 22,9°С болып күздік бидайдың сүттеніп пісіп, қамырланып пісу дәуірі жалғасып жатты. Осы айдың үшінші он күндігі өте ыстық болып орташа тәуліктік температура 27,3°С көтеріліп ауа ылғалдылығы 11 % төмендеді, яғни күздік бидайдың қамырланып -толық пісу кезеңі өте жоғарғы температуралық құрғақшылық жағдайда өтті. 2019 жылдың қалыптасқан ауа райына және қолданылған тыңайтқыштардың күздік бидайдың өсіп дамуына әсер етуінің нәтижесінде бақылау нұсқаларындағы вегетациялық ұзақтығы 253 тәулік болса, тыңайтқыштар қолдану нұсқаларында бұл көрсеткіш 257-262 тәулікке ұзарғанын анықтадық. Яғни, тыңайтқыш қолдану күздік бидайдың өсіп дамуын және вегетациялық пісіп жетілуін ұзартып болашақ мол өнімнің негізін қалауға оң ықпал ететінін байқадық (1-кесте).

1-кесте – Күздік бидайды тікелей егіп-өсіру кезінде қолданылған тыңайтқыштардың өсіп-даму ұзақтығына әсері

Нұсқалар	Зерттеу жылдары	Егу-өскін алу	Өскін алуы-түптену	Түптену - сабақтану	Сабақтану – бас шығару	Бас шығару – гүлдеу	Гүлдеу-сүттеніп пісу	Сүттеніп пісу – қамырланып пісу	Қамырланып пісу – толық пісу	Егу және дәннің толық пісу ұзақтығы
1. Тыңайтқышсыз - бақылау	2019	11	21	18	43	6	9	12	11	254
	2020	28	41	20	40	5	9	11	11	239
2. P ₃₀	2019	11	20	17	40	6	8	11	10	249
	2020	28	40	19	38	5	8	10	11	235
3. P ₄₅	2019	11	20	17	40	6	8	10	10	248
	2020	28	40	19	38	5	7	10	10	234
4. P ₃₀ N ₅₀	2019	11	19	16	40	6	9	13	12	255
	2020	28	39	18	39	5	9	12	13	241
5. P ₃₀ N ₇₀	2019	11	19	16	41	6	9	13	12	256
	2020	28	39	18	40	5	9	12	13	242
6. P ₄₅ N ₅₀	2019	11	18	16	40	6	9	13	12	255
	2020	28	38	18	39	5	9	12	13	241
7. P ₄₅ N ₇₀	2019	11	18	16	41	6	9	13	12	257
	2020	28	38	18	40	5	9	12	13	243
8. Микротыңайтқыштар - өскін үдеткіштер	2019	11	18	16	39	6	8	12	11	243
	2020	28	38	18	38	5	8	11	10	234

Қалыптасқан ауа райы жағдайында 2019 жылдың қазан айында небәрі 10,0 мм жауын жауып, құрғақ болды. Осы айдағы ауаның орташа температуралық көрсеткіші көпжылдық деңгейінен әлде қайда жоғары болды (I – онкүндікте 16,6⁰С, II – онкүндікте – 13,8⁰С, III – онкүндікте – 12,1⁰С). Нәтижесінде Оңтүстік Қазақстан өңірінде күздік астықты дақылдарды егу үшін егістік алқаптарды өңдеу жұмыстарын жүргізу мүмкін болмады. Түркістан облысының тәлімі егістік алқабында күздік дәнді-дақылдарды дәстүрлі ұсынылған агротехникалық жүйеде өңдеуге қолайсыз жағдай қалыптасып, күздік далалық егіс жұмыстары қазан айында жүргізілмеді. Біздің тәжірибе жұмыстарымыз «нөлдік» технологиямен себу қазан айының екінші онкүндігінің соңында (19.10.2019 ж.) атқарылды. Күздік бидайдың Стекловидный 24 сортын «нөлдік» технологияға арналған бразилиялық FANKHAUSER 2115 дәнсеппішімен тұқымды 4-5 см тереңдікке сеуіп бір мезетте зерттеу нысанының нұсқаларына сәйкес аммофос тыңайтқышын күздік бидай дәнімен 8-10 см тереңдікке қатарластыра ендірілді. Қазан айының үшінші онкүндігінде небәрі 1,1 мм деңгейінде тиімсіз жауын болды. Осы онкүндіктегі орташа температуралық көрсеткіш 12,1⁰С болып, құрғақ ауа райы қалыптасып күздік бидайдың дәні құрғақ топырақта өскін бермей ісініп жатқанын анықтадық.

Қараша айының бірінші онкүндігіндегі қалыптасқан ауа райы көпжылдық көрсеткіштен салқын болды. Бірінші онкүндіктегі орташа (температура 7,0⁰С), яғни 2,4⁰С көпжылдық нәтижеден төмен қалыптасты. Атмосфералық жауынның мөлшері 12,1 мм немесе көпжылдық түсетін деңгейінен 2,1 есе аз жауды. Дегенмен «нөлдік» технологиямен егілген танаптағы күздік бидай алғашқы атпа тамырын шығарды. Өскіннің жер бетіне шығуына жауған жауынның, топырақ ылғалының тұқым ендірілген тереңдігіндегі өскін беруге жеткіліксіз болғанын анықтадық. Қараша айының екінші онкүндігінде жауын жаумайды, орташа тәуліктік температура 4,7⁰С қалыптасып ауа райы салқындады. Түнде таңертеңгілік шық түсіп, күндіз ауа райы бұлтты болып топырақтағы ылғалдың булануына кері әсер етті. Осы айдың соңғы онкүндігінде 12,2 мм деңгейінде қар аралас жауын жауып 2 тәуліктей жер бетін жұқалтаң қар (4-8 см) басып жатты және онкүндіктегі орташа температура – 2,3⁰С болды. Осы айдағы жауынның жиынтығы 24,3 мм жетті. Қараша айының соңғы күндері ауа райы жылына бастады, нәтижесінде күздік бидай дәнінің бірлі жарым алғашқы өскіндері жер бетінде пайда бола бастады.

Желтоқсан айының бас кезінен жауын-шашынды болды. Бірінші онкүндікте 23,2 мм жылы жауын болып, орташа температуралық көрсеткіш 7,1⁰С көтерілді, бұл көпжылдық көрсеткіштен 4,2 есе жоғары болды, нәтижесінде күздік бидайдың толық өскіні желтоқсан айының бірінші онкүндігінің соңында алынды. Осы айдың екінші және үшінші онкүндігінде сәйкесінше 41,1 және 23,8 мм жауын жауып, желтоқсан айындағы жауын мөлшері 88,1 мм жетті немесе көпжылдық деңгейінен 1,2 есе жауын көп болды, ал айдың орташа тәуліктік температуралық көрсеткіштері +3,1⁰С (орташа көпжылдық температура 13⁰С) жетіп күздік бидайдың вегетациялық өсіп дамуы айдың соңына дейін баяу болса да жалғасып жатты. «Нөлдік» агротехнологиялық жүйеде өсірілген күздік бидайдың Стекловидный 24 сортының далалық өңгіштігі қалыптасқан келеңсіз ауа райы жағдайында 77,8-84,3% деңгейінде ауытқыды, ал дәстүрлі агротехнологиялық жүйеде өсірілген өндіріс жағдайындағы далалық өңгіштік 61,9-65,1% деңгейінде болғанын анықтадық. Демек, «нөлдік» агротехнологиялық жүйеде егілген күздік бидай дәнінің топырақпен үйлесімділігі жақсарып, аздап түскен жауын ылғалын тиімді пайдаланып, далалық өңгіштігі 15,9-19,2% жоғары қалыптасқанын анықтадық.

Қаңтар айында түскен жұқалтаң қар мен қар аралас жауынның мөлшері 81,7 мм жетті немесе көпжылдық көрсеткіштен 10,7 мм ылғал көп түсті. Айдың орташа тәуліктік температурасы – 0,1⁰С деңгейінде қалыптасып, күздік егістік танабында тоң болмады. Осы айдағы қар жамылғысы 2-3 күндей 8-13 см биіктікте жұқалтаң жамылғы ретінде екінші онкүндікте байқалды, түскен ылғал негізінен қар аралас жауын болып, соңынан қарға жалғасып, күндіз +2-+5⁰С төңірегінде жылы болып қалыптасып, түнде -3-7⁰С дейін төмендеп егістіктің беткі қабаты (2-3 см) қатқалданып ертеңіне түске қарай еріп жатты. Яғни, күздік бидай өсіп дамуын тоқтатты, келеңсіз ауа райы болмағандықтан күздік бидайдың суыққа шалдығып опат болғанын байқамадық.

Қыстың соңғы ақпан айының алғашқы күндерінен тәуліктік орташа температура көтеріліп осы айдың бірінші онкүндігінде $+7,2^{\circ}\text{C}$ жетті, демек күздік бидай өсіп-дамуын жалғастырды, осы кезеңдегі түскен ылғал көлемі 23,8 мм құрады. Жалпы ақпан айындағы түскен ылғал мөлшері 103,5 мм болып, көпжылдық көрсеткіштен 22,5 мм артық жауын-шашын болды, ал айдың орташа тәуліктік температурасы $4,7^{\circ}\text{C}$ жетіп көпжылдық орташа қалыпты көрсеткіштен 4,7 есе жылы болды, демек күздік бидай түптену дәуірін жалғастырып жатты.

Наурыз айының бас кезінен қалыптасқан ауа райына сәйкес бірінші онкүндіктің орташа тәуліктік температура көрсеткіші $6,3^{\circ}\text{C}$ жетті, ал екінші онкүндігінде бұл көрсеткіш $12,8^{\circ}\text{C}$ көтеріліп, көпжылдық қалыпты деңгейдегі температурамен салыстырғанда сәйкесінше 1,3 және 2,1 есе жоғары болып, күздік бидайдың түптеуінің қарқынды дамуына оң ықпал етті. Осы айдың бас кезінде (08.03.2020 ж.) және екінші онкүндігінің соңында (18.03.2020 ж.) зерттелінген тиімді ылғал қорының 0-100 см тереңдіктегі жиынтығы тиісінше 173 мм және 166 мм құрады, яғни ылғал қоры қанағаттанарлық деңгейде болды. Қалыптасқан ауа райы негізгі дақылмен қатар арамшөптердің қарқынды өсіп дамуына оңтайлы болды. Нәтижесінде біржылдық, көпжылдық қосжарнақты және астық тұқымдас арамшөптердің өскіндерінің күздік бидай өскіндерімен бәсекелесе қарқынды өсіп-дамуын жалғастырып жатты. Қалыптасқан ауа райы жағдайына және арамшөптердің өсіп дамуына, түріне байланысты наурыз айының соңында (31.03.2020 ж.) балерина 0,5 л/га + Ластик экстра 0,8 л/га гербицидтерін алдын ала жеке-жеке суға араластырып жоғарыда аталған арамшөптердің алғашқы өсу кезеңінде, күздік бидайдың түптену дәуірінде егістік танапқа берілді. Қолданылған гербицидтерін биологиялық тиімділігі 85,9-94,7% деңгейінде ауытқыды. Нәтижесінде арамшөп өскіндері өсіріліп отырған күздік бидайға бәсекелестікке қабілетсіз болып өсіп дамуын тоқтатты, ал күздік бидай өсіп-дамуын жалғастырды.

Көктемнің сәуір айының бас кезінен оңтайлы ауа райы қалыптасып (орташа тәуліктік температура I-онкүндікте $+10,6^{\circ}\text{C}$, II-онкүндікте $+13,6^{\circ}\text{C}$, III-онкүндікте $+20,0^{\circ}\text{C}$) болды. Жауған жауын мөлшері 101,9 мм жетті немесе осы айдағы жауын мөлшері көпжылдық орташа көрсеткіштен 32,9 мм артық болды. Яғни, арамшөптен тазарған күздік бидай қалыптасқан оңтайлы ауа райында қарқынды өсіп сабақтану дәуіріне өтті және биіктеп өсті. Тәжірибе нобайына сәйкес қоректіндіру нұсқасына байланысты биіктеп өсуі әр түрлі деңгейде қалыптасты. Фенологиялық байқаулар күздік бидайдың тыңайтқыштар қолданылған нұсқаларда қарқынды өсіп-дамидынын көрсетті. Нәтижесі келесі тарауда баяндалады.

Мамыр айының бірінші онкүндігінде 53,8 мм көлемінде жауын жауып, орташа тәуліктік температура $18,6^{\circ}\text{C}$ деңгейінде қалыптасты, жауған жауын мөлшері көпжылдық көрсеткіштен 3,2 есе артық жауып, онкүндіктің орташа тәуліктік температурасы $+1,7^{\circ}\text{C}$ жоғары болды. Осы айдың екінші онкүндігінде жауған жауын мөлшері 44,5 мм немесе көпжылдық деңгейінен 24,5 мм жауын көп болды, ал онкүндіктегі орташа тәуліктік температура $18,1^{\circ}\text{C}$ төңірегінде қалыптасып күздік бидайдың қалыпты оңтайлы өсіп дамуына қолайлы болды. Егістік танаптағы тиімді ылғал қорының жиынтығы 170 мм болды (18.05.2020 ж.). Осы айдың үшінші онкүндігінде ауа райы қатты ысып, орташа тәуліктік температура $24,8^{\circ}\text{C}$ бұл көрсеткіш көпжылдық нәтижеден $+4,5^{\circ}\text{C}$ жоғары болды. Нәтижесінде күздік бидай үшінші онкүндіктің бас кезінде масақтану дәуіріне өтті. Демек күздік бидайдың гүлдеу кезеңі және дән байлау дәуірі өте жоғары температуралық көрсеткіш қалыптасқан жағдайда жалғасып жатты. Дегенмен Қазақстанның оңтүстік өңіріне егуге рұқсат етілген – аудандастырылған күздік бидайдың Стекловидный 24 сорты қалыптасқан келеңсіз ауа райында тозаңданып дән байлауы біркелкі жалғасты. Демек, бұл сорт өзінің биологиялық ерекшелігімен оңтүстіктің аптаған ыстығына бейімделген құнды (толерантты) сорт екеніне тағы да көзіміз жетті. Осы айдың соңында анықталған тиімді ылғал қорының мөлшері 84 мм болып, яғни он тәулікте 2,0 есеге төмендеді. Қалыптасқан жағдай күздік бидайдың биологиялық ерекшелігіне сәйкес осы кезеңдегі суға сұранысының артуы мен ауа райының ыстық болып қалыптасуымен түсіндіріледі. Бұл қалыпты биологиялық заңдылық.

2020 жылдың маусым айындағы ауа райы көпжылдық көрсеткіштен жоғары болып қалыптасты, әсіресе бірінші онкүндіктегі орташа тәуліктік температура $24,5^{\circ}\text{C}$ болып (көпжылдық көрсеткіштен $+2,3^{\circ}\text{C}$ жоғары болды) күздік бидайдың сүттену дәуірінің қарқынды өтуіне, ал екінші және үшінші онкүндіктегі температура сәйкесінше $24-25^{\circ}\text{C}$ деңгейінде қалыптасып, күздік бидайдың қамырланып тез пісіп жетілуіне ықпал етті. Дегенмен фосфор, азот тыңайтқыштарын және микротыңайтқыштармен өсімдік өскінін үдеткіштер үйлестіре қолданылған нұсқадағы күздік бидай танаптағы ылғалды тиімді пайдалану нәтижесінде тәлімі танапта қалыпты сапалы өнім қалыптастырды.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес күздік бидай дақылдарын өсіруде өсуді үдеткіш, микротыңайтқыштарды және макротыңайтқыштарды қолдану нәтижесінде қалыптасқан агрометеорологиялық ауа райына байланысты тікелей себудің тиімді агротехнологиялық әдіс екендігі анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Şişkov İ.D. Vliyanie norm i sposobov vneseniya mineralnyh udobrenii pri razlichnyh vidah osnovnoi obrabotkoі pochvy na urojai ozimoі pşenisy // *Biologiya i agrotehnika polevyh kultur v usloviyah intensivnogo selskohozyaistvennogo proizvodstva.* –M., 1985. –S. 36-42.
2. Filokov V.M. Rekomendasiі po primeneni mineralnyh i organicheskikh udobrenii pod zernovye kultury v Severnom i Sentralnom Kazahstane. – Şortandy, 2000. –S.35.
3. Basibekov B.S., Jantalina A.A., Umbetov A.K. Vliyanie udobrenii na sodержanie azota i fosfora v rasteniyah ozimoі pşenisy raznyh sortov na urojai zerna // *Himiya v selskom hozyaistve.* – Alma-Ata, 1975. - №6. – S.16-17.
4. Dosphehov B.A. Metodika polevogo opyta. – M.: Kolos, 1983. – 336 s.
5. Sydyqov M.A., İsabekov B.B. Oñtüstik Qazaqstan oñirinde küzdik bidaidy tikelei sepkendegi ösu erekşelikteri // *mater.mejdunar.nauch.-prakt.konf.,posv.100-leti so dnya rojdeniya Geroya Sos.Truda, laureata Leninskoi premii, akademika VASHNİL A.İ. Baraeva.* - Almalybak: KazNİIZİR, 2008. - S.156-157.
6. Kenenbaev B.B., Sydyqov M.A., Sydyq D.A. Oñtüstik Qazaqstannyñ tälimi jerlerinde küzdik bidaidy topyraqtı öñdemei tikelei seup ösirgendegi önimdiligi // *Jarşy.* -Almaty: Bastau, 2009. - №9. - B. 7-11.
7. Sydyq D.A., Sydyqov M.A., Qazybaeva A.T. Küzdik bidaidy topyraqtı öñdemei seup ekonomikalıyq jáne energetikalıyq tiimdiligi // *Jarşy.* - 2009. - №3. - B. 16-19.

ÄDEBIETTER TIZIMI

1. Khanam Z., Singh V. Research article on ground water quality assessment near polluted canal area in Kichha town, Uttarakhand, India // *Int. J. Recent Sci. Res. Res.* – 2014. - № (5). - R. 362–368.
2. Galeeva M.V. Tyazhelye metally v vode i donnyh otlozheniyah Rybinskogo vodohranilishcha // *Voda: himiya i ekologiya.* – 2013. – №5. – S.3-7.
3. Remoundaki E., Vasileiou E., Philippou A. Groundwater deterioration: The simultaneous effects of intense agricultural activity and heavy metals in soil // *Procedia Eng.* – 2016. - № 162. - P. 545–552.
4. Miroshnikova E.P., Arinzhanov A.E. Tyazhelye metally v vode i donnyh otlozheniyah Iriklinskogo vodohranilishcha // *Vestnik Orenburgskogo gosudarstvennogo universiteta.* – 2016. - № 6 (194). – S. 70-73.
5. Kumar M., Ramanathan A., Tripathi R., Farswan S., Kumar D., Bhattacharya P. A study of trace element contamination using multivariate statistical techniques and health risk assessment in groundwater of Chhaprola Industrial Area, Gautam Buddha Nagar, Uttar Pradesh, India // *Chemosphere.* – 2017. - №166. - P.135–145.
6. Mohmand J., Fasola M., Alamdar A. and et.al. Human exposure to toxic metals via contaminated dust: Bio-accumulation trends and their potential risk estimation // *Chemosphere.* 2015, (132), P.142–151.

7. Sarsembayeva N.B., Abdigaliyeva T.B., Uteпова Z.A. and et.al. Heavy metal levels in milk and fermented milk products produced in the Almaty region, Kazakhstan // *Veterinary World (India)*. - 2020. - V13(4). – R. 609-613.

8. Kazhmukhanbetkizi Z.A., Eleubaevich N.B., Maksutovna B.S. The content of heavy metals in the grass, in water and milk of Mares according to the season of the year // *Ukrainian Journal of Ecology*. – 2019. - № 9(1). – R. 86-88.

9. Sharifi Z., Hossaini S.M.T., Renella G. Risk assessment for sediment and stream water polluted by heavy metals released by a municipal solid waste composting plant // *Journal of Geochemical Exploration*. - 2016. - Vol.169. - P. 202-210.

10. Hussain S., Habib-Ur-Rehman M., Khanam T. Health Risk Assessment of Different Heavy Metals Dissolved in Drinking Water // *Int. J. Environ. Res. Public Health*. – 2019. - № 16(10). - P. 1737.

11. Alina M., Azrina A., Mohd Yunus A.S., Mohd Zakiuddin S., Mohd Izuan Effendi H., Muhammad Rizal R. Heavy metals (mercury, arsenic, cadmium, plumbum) in selected marine fish and shellfish along the Straits of Malacca // *Int Food Res J*. 2012. - № 19(1). - R.135–140.

12. Salimbaeva R.A. Ekologicheskie problemy yuzhnogo Kazahstana i ih vliyanie na stroitel'stvo ekonomicheskogo poyasa vdol' novogo shelkovogo puti // *Mezhdunarodnyj zhurnal prikladnyh i fundamental'nyh issledovaniy*. – 2015. – № 12 (chast' 6) – S. 1105-1108.

РЕЗЮМЕ

В статье приведены результаты исследования по применению стимуляторов роста и микроудобрений и макроудобрений в зависимости отсложившихся погодных-климатических условий при прямом посеве озимой пшеницы оказались выгодным агротехнологическим приемом.

С улучшением условий питания увеличилась масса 1000 зерен и их наибольшая величина 37,5-37,2 г получена на фоне минеральных удобрений P₄₅ N₇₀ кг/га существенно превысив показатели контрольного варианта (30,6-30,3 г), за годы проведения экспериментов при использовании стимулятора роста и микроудобрений масса 1000 зерен составила 35,1-34,6 г значительно превысив фон без удобрений (контроль).

На фоне фосфорных удобрений P₃₀ кг/га с внесением азотных удобрений в норме N₅₀ и N₇₀ способствовало увеличению урожайности зерна на 19,0-21,8 ц/га по сравнению с контролем формируя стабильно высокой урожайности зерна с одного гектара на уровне 31,8 и 34,6 ц/га, то есть применение фосфорно-азотных удобрений сбалансирован режим питания с удовлетворением их потребности к названным элементам озимой пшеницы в течение всей вегетации и тем самым сформировали высокую урожайность зерна.

При обработке семян стимулятором роста «Вымпел» в норме 0,5 л/т и микроудобрением «Оракул» в норме 1,0 л/т семена с одновременным протравливанием зерна «Дивиденд экстрим 115», т.к.с. в норме 0,5 л/т с расходом рабочей жидкости 10 л/т перед посевом, осенняя листовая обработка посевов озимой пшеницы в фазе кущения стимулятором роста «Вымпел» - 2,0 л/га, а также ранневесенняя обработка посевов в фазе кущения и в фазе флагового листа при вышеуказанных нормах расхода стимулятора роста и микроудобрений урожай зерна озимой пшеницы в среднем за два года составила 25,9 ц/га или возрос в 2,0 раза по сравнению с неудобренным контрольным вариантом.

Айтымбет Ж., магистрант, основной автор, <https://orcid.org/0000-0002-1703-1431>

НАО «Казакский национальный аграрный исследовательский университет», 050010, пр. Абая, 8, г. Алматы, Республика Казахстан, zhangeldi017@mail.ru

Қайқыбаев Қ.С., кандидат сельскохозяйственных наук, <https://orcid.org/0000-0003-4578-4913>

НАО «Казакский национальный аграрный исследовательский университет», 050010, пр. Абая, 8, г. Алматы, Республика Казахстан, mr.kairatk@mail.ru

Сарбаев А.Т., доктор сельскохозяйственных наук, <https://orcid.org/0000-0002-9079-4873>

НАО «Казакский национальный аграрный исследовательский университет», 050010, пр. Абая, 8, г. Алматы, Республика Казахстан, kizamans2@mail.ru

Aytimbet J., Postgraduate, the main author

The paper presents the results of experimental studies of the device for combined massage of the udder of heifers. The data that allow us to recommend the main technological parameters during the operation of the device – the amount of vacuum acting on the udder tissues of the animal and the massage time-on the basis of the rheoplethysmographic test are presented. At the same time, these parameters were studied in relation to the period of pregnancy of heifers. It is experimentally confirmed that for almost all the studied animals, the pain sensitivity limit is in the zone limited by the impedance recovery time of 20 minutes. It is recommended to divide the process of preparing heifers for lactation into two periods, which differ from each other by the amount of vacuum load exerted by the massage device on the udder of heifers. The first of them can be completed in 30 days, and the second-7-10 days before the calving of the animal. The working pressure (vacuum) in the massage device in the first and second periods should not exceed 20 and 10 kPa, respectively.

Түйін сөздер: сүт бездері, қашарлар, уқалау қондырғысы, қиыстырылған уқалау, ауасыз кеңістікті жүктеме, реоплетизмограф.

Key words: mammary glands, heifers, massage machine, combined massage, airless load, reoplethysmograph.

Кіріспе. Осы күнгі агроөнеркәсіп орындарының негізінде, сүт өндіру кезіндегі ең маңызды технологиялық үдерістің бірі-сиырларды машинамен сауу. Соңғы 25-30 жылда сауын қондырғылардың тиімді конструктивті технологиялық параметрлердің нақты өзгеруіне қарамастан, бірінші рет туған қашарларды сауын аппараттарға алғашқы қолдану күндерінде үйрету-үлкен және толық шешілмеген мәселе.

Бұл жағдай, технологиялық және ұйымдастыру кешенінің шешімдерінің қашарларды лактацияға әзірлеуде, ал оның өзі жалпы түрде малдарды басқару үдерісіне үйретуге, сауын аппараттарының олардың ағзасына әрекет ретінде және қашар жасындағы малдардың сүт безін қалыптастыруға және оның өсуінен жағдай жасауға арналған мәселе жеткілікті жетілдірілмеген және бірқатар технологиялық қарама-қарсылығы барлығымен түсіндіріледі. Осы қарама-қарсылық бірінші рет туатын қашарларды лактацияға әзірлеудің техникалық жағы мен оның ұйымдастыру құрамасында байқалады. Айталық, мысалы, қашарлардың желінің машинамен уқалауды бастау кезеңі және оның аяқтау мерзімі, ал сонымен қатар, бұл технологиялық үдерістер уқалау құрылғының жұмыс параметрлері мен жұмыс істеу принципімен қалай сәйкес келетіндігі нақты белгіленбеген. Оның үстіне, осы күнге дейінгі бұл мәселеге арналған, көптеген жұмыстардың болуына қарамастан, мына түрлі жабдықтардың рационалды тармақтау мәліметтерінің болмауы, ал кейбір жағдайда осы топтағы технологиялық жабдықтардың [1-3] тармақтау белгілері нақты артық санымен көрсетілген.

Мысалы, О.В. ужик жұмысында 8-белгілерден тұратын ІҚМ-ң сүт безіне ынталандырушы қондырғының жіктелуі ұсынылған-(атқару қызметі, әсер ету тәсілі, әсер ету орыны, жұмыс органының түрі, жұмыс үдерісінде қондырғының орнату тәсілі, әсер ету қарқындығы, берілген және қолданылатын энергия түрі, басқару тәсілі) бойынша. Автор ұсынған жіктеуді қорытындылай келе, келесі мәселені көрсеткен, яғни «...көрсетілген қондырғы қашарлардың желініне ынталандыру тәсілдерін іске асырмайды, уқалау әдістерінің жинақтары кіретін, олар қолмен уқалау тәсілдеріне жақын сәйкес келетін», және осы топтағы машиналарды жетілдіру перспективті бағыты ол желінге пневматикалық әсер ететін қондырғыны жетілдіру, қондырғының жұмыс орган ретінде уқалау қоңырауын [4] пайдалану ұсынылады.

Келтірілген қорытындылар мен ұсыныстармен келіспеуге болмайды және (АП-1-Ф) қашарлардың желінінің пневмоуқалау үшін сериялық шығарылған агрегатты, ал сонымен қатар қашарлардың желінің біртектіленген уқалау эксперименталды бірнеше қондырғыны кіші топ түрінде шығарылған және патенттермен қорғалғанын (2,5-3) ескере отырып, осы топтағы жабдықтардың жіктелуі (1-сурет) көрсетілген.

Жұмыстың мақсаты қашардың сүт безіне біртектіленген (пневмомеханикалық) әсер ететін құрылғының технологиялық параметрлерін дәлелдеу болып табылады.

Зерттеудің тәсілдері мен объектілері. Зерттеу объектісі болып қашарларды лактацияға әзірлеу технологиялық үрдістердің көрсеткіштері саналады, малдың сүт безіне біртектіленген пневмомеханикалық құрылғының көмегімен әсер етеді. Осы көрсеткіштерге желіннің тініне және уқалаудың уақытына әсер ететін ауасыз кеңістіктің мөлшері жатқызылған. Осы параметрлер қашарлардың буаз кезеңімен байланыстыра отырылып, зерттелді.

асырады, оған жабысқақта орналасқан алдыңғы ырғақта ауаның төменгі қысымы әсер еткен. Осы ырғақта механикалық уқалау ырғағында құрылғы, желінде жабысқақтың әсерінен ұсталып тұрады. Тыныстағыштың қайталанған цикл жұмысында уқалау құрылғының жұмыс ырғақтары кезектестіріледі.


Бұрын біз орындаған зерттеулер, қашарлардың желінінің тіндерінің импедансының (толық кедергі) өзгеруі, төменгі қысымның мал ағзасына әсер реакциясын сипаттауын дәлелдейді. Ауасыз кеңістік жүктемені алып тастағанда, бастапқы импедансты қалпына келтіру уақыты, олардың беткі қабаттарындағы қан айналымының қарқынды бөлігінде (қабатында), сүт без тіндерінің физиологиялық статусының көрсеткіші бола алады.

Қашарларды лактацияға әзірлеу технологиялық параметрлерін дәлелдеу мақсатында, қашарлардың сүт безіне біріктірілген (пневмомеханикалық) құрылғының көмегімен әсер ететін эксперименталды зерттеу жүргізілді, осы қондырғымен жүзеге асырылатын қашарлардың желінінің тініне ауасыз кеңістік жүктемесінің мөлшері және мал желінінің импедансының алғашқы қалпына келу уақытымен байланысын бағалауға мүмкіндік береді.

Бұл тәсілдің қолдану әдістемелік негізі-қолданылуы ультрадыбыстық жиеліктің айнымалы электр өрісіндегі төменделген қысым әсерінен жануарлардың желінінің жекеленген учаскелерінің импедансының (толық кедергісінің) өзгеру динамикасын бағалау болып табылады. Электр импеданс плетизмографиясы әдістемесі зерттеліп жатқан биологиялық нысанның-қашарлардың желінінің емізіктерінің қан айналымдағы тереңдіктегі әртүрлі бұзғұларды жеткілікті дәлдікпен жазуға мүмкіндік беретіні белгілі.

Эксперименталдық зерттеулер өзгертілген реоплетизмографтың көмегімен орындалған, оның функционалды сұлбасы 3-суретте берілген.

Зерттеу барысында амплитуданың рационалды пішіні және генератордың жиілігі (40, 60, 80 және 120 кГц), алдын-ала реоплетизмографта реттеліп, іске асырылды, бұл емізіктердің бекітілген биопотенциалдарын алу үшін электродтардан нақты сигналдар алуды қамтамасыз етті.



3-сурет - Реоплетизмографтың модернизацияланған функционалды сұлбасы


Реоплетизмографтың датчигі ретінде қалыңдығы 2,5 мм оргшыныдан орындалған, диаметрі бойынша кесілген түрде толық цилиндрлі құрылғы пайдаланған. Цилиндрлердің жартылары жазық тіннің сыртқы жақтарымен желіммен қосылған. Биіктігі бойынша датчиктің ішкі жағында симметриялық түрде поролонның екі жолағы орналасқан, оған күмістелген жез пластинкалық электродтар бекітілген. Малдың желінінің емізігінде датчиктер олардың жартыларын қосатын пластинкалы серіппелердің көмегімен ұсталған.

Қашарларды лактацияға әзірлеу кезінде сүт безіне ауасыз кеңістік жүктемесінің қарқындығын қамтамасыз етуге бір уақыт (кезең) буаздығымен 2 топ малдар таңдалған. Тәжірибе және бақылау топтары бес малдан алынған.

Эксперименттің мақсаты-уқалау қоңырауындағы ауасыз кеңістіктің мал желінінің тіндерінің импедансының өзгеруіне әсер етуін анықтау. Эксперименталдық қондырғы осы зерттеудің бөлігін өткізу үшін 4-суретте көрсетілген.

Экспериментте қысымның (ауасыз кеңістіктің мөлшері) құрылғының жұмыс істеу кезінде әр тәжірибеде 5 кПа аралықпен өзгертіледі. Зерттелетін параметрлердің шектері малдардың тәртіп реакциясымен (уқалау құрылғысынан босау әрекет кезімен), ал сонымен қатар қашарлардың желініне ауасыз кеңістіктің жүктемесімен анықталады. Қашарлардың сүт безіне ауасыз кеңістіктің жүктемесі, ауасыз кеңістіктің (кПа) мөлшері және төменгі қысымның

(минут) әсер ету уақытының көбейтуімен анықталады. Малдардың желіндерінің тіндерінің импедансы уқалау қондырғысының көмегімен вакуумды әсерді іске қосқанға дейін және қосқаннан кейін өлшенді. Малдардың екі топ қатысуымен 3 күн ұзақтықта бір экспериментті қайталаумен зерттеулер жүргізілді.




1-вакуум сорғы; 2-ресивер; 3-вакуум-метр; 4-вакуум-реттегіш; 5-тыныстағыш; 6-желінді уқалау қондырғысы; 7-реоплетизмограф; 8-датчиктер; 9-жазу аппаратурасы

4-сурет - Эксперименталдық қондырғы

Ауасыз кеңістіктің әсерінің ұзақтығы секундомер көмегімен өлшенді және қажетті жағдайларда жазу құрылғысының лентасын белгілеумен нақтыланды.

Көпшілік малдар үшін ауру сезімталдығының шегі буаздық мерзімдеріне байланысты және уқалау құрылғысын алғаннан кейін импеданстың алғашқы мәніне дейін қалпына келтіру уақытымен бағаланып, анықталады. Барлық дерлік зерттелетін малдар үшін ауру сезімталдық шегінің аймағында болуы 20 минутқа тең импеданстың қалпына келтіру уақытымен шектеледі. Келтірілген мәліметтер, алынған деректермен графикалық интерпретациямен жақсы суреттелген (5-сурет).



5-сурет - Ауасыз кеңістіктің жүктеме мөлшеріне байланысты желіннің импедансының қалпына келу уақытының байланысы: у1-малдың төлдеуіне 15 күн қалғанда; у2-30 күн; у3-45 күн; у4-60 күн

Алынған деректерді талдау өте күрделі тәжірибелік түрде қорытынды жасауға мүмкіндік береді, яғни малдың ауру сезімталдық шегі ауасыз кеңістік мөлшерімен малдың буаз мерзіміне байланысты. Төлдеуге аз уақыт қалған сайын, уқалау құрылғысының жұмысынан ауасыз кеңістіктің аз мөлшерлі жүктемесін мал ауырсынуды сезбеу реакциясымен қабылдай алады.

Қорытынды

1. Эксперименталдық құрылғының жұмыс кезінде қашарларды лактацияға әр кезең бойынша әзірлеу, уқалау әр сеансында ауасыз кеңістік жүктемесінің мәнін шектеу керек. Осы параметрдің максималды мәндері 20 минутқа тең импеданстың қалпына келу мәніне шамамен сәйкес болуы тиіс.

2. Қиын бақыланатын факторларды және ауасыз кеңістік жүктемесінің мәндері малдың денсаулығы үшін қауіпсіз ауасыз кеңістіктің жүктемесінің мәнін, ал сонымен қатар уқалаудың ұзындығын (3-5 минут) ескеріп, эксперименталды уқалау қондырғысының көмегімен қашарларды лактацияға әзірлеу екі кезенге бөлу ұсынылады. Оның біріншісін 30 күннің ішінде аяқтауға болады, ал екіншісін 7-10 күннің ішінде малдың төлдеуіне дейін.

3. Уқалау құрылғысында бірінші және екінші кезеңдерінде жұмыс қысымы (ауасыз кеңістік) сәйкесті түрде 10 және 20 кПа-дан аспауы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Зимняков В.М., Курочкин А.А. Влияние временных параметров подготовки нетелей к лактации на формирование рефлекса молокоотдачи у коров-первотелок // Техника и технологии в животноводстве. – 2021. – № 1(41). – С. 42-45.

2. Курочкин А.А. Повышение эффективности подготовки нетелей к лактации за счет совершенствования процессов и средств механизации. - СПб., 1993. – 320 с.

3. Курочкин А.А., Зимняков В.М., Фролов Д.И. Методика технико-экономической оценки технологии подготовки нетелей к лактации // Вестник НГИЭИ. – 2018. – № 7 (86). – С. 39-48.

4. Ужик О.В. Разработка и теоретическое обоснование технологий и технических средств для молочного скотоводства. - Белгород, 2014. – 388 с.

5. Курочкин А.А. Анализ оценочных показателей реакции коров на отдельные составляющие машинных технологий //Иновационная техника и технология.– 2017.– № 4. – С. 5-9.

6. Пат. 2150192 Российская Федерация, МПК 01J 5/04, A01J 7/00. Способ определения устойчивости коров-первотелок к воздействию вакуума доильного аппарата / Долбилов С.К., Курочкин А.А., Ляшенко В.В.; заявитель и патентообладатель ПГТУ. – заявл. 13.04.1999; опубл. 10.06.2000, Бюл. № 16. – 5 с

ÄEBİETTER TİZİMİ

1. Zimnyakov V.M., Kurochkin A.A. Vliyanie vremennykh parametrov podgotovki netelej k laktacii na formirovanie refleksa molokoottachi u korov-pervotelok // Tekhnika i tekhnologii v zhivotnovodstve. – 2021. – № 1(41). – S. 42-45.

2. Kurochkin A.A. Povyshenie effektivnosti podgotovki netelej k laktacii za schet sovershenstvovaniya processov i sredstv mekhanizacii. - SPb., 1993. – 320 s.

3. Kurochkin A.A., Zimnyakov V.M., Frolov D.I. Metodika tekhniko-ekonomicheskoy ocenki tekhnologii podgotovki netelej k laktacii // Vestnik NGIEI. – 2018. – № 7 (86). – S. 39-48.

4. Uzhik O.V. Razrabotka i teoreticheskoe obosnovanie tekhnologij i tekhnicheskikh sredstv dlya molochnogo skotovodstva. - Belgorod, 2014. – 388 s.

5. Kurochkin A.A. Analiz ocenочnykh pokazatelej reakcii korov na otdel'nye sostavlyayushchie mashinnyh tekhnologij //Innovacionnaya tekhnika i tekhnologiya.– 2017.– № 4. – S. 5-9.

6. Pat. 2150192 Rossijskaya Federaciya, MPK 01J 5/04, A01J 7/00. Sposob opredeleniya ustojchivosti korov-pervotelok k vozdejstviyu vakuuma doil'nogo apparata / Dolbilov S.K., Kurochkin A.A., Lyashenko V.V.; zayavitel' i patentoobladatel' PGTU. – zayavl. 13.04.1999; opubl. 10.06.2000, Byul. № 16. – 5 s

РЕЗЮМЕ

В работе представлены результаты экспериментальных исследований устройства для комбинированного массажа вымени нетелей. Приведены данные, позволяющие на основе реоплетизмографического теста рекомендовать основные технологические параметры при эксплуатации устройства – величину вакуума, воздействующего на ткани вымени животного и время массажа. При этом данные параметры исследовались во взаимосвязи с периодом стельности нетелей. Экспериментально подтверждено, что практически для всех исследуемых животных граница болевой чувствительности находится в зоне, ограниченной временем восстановления импеданса, равным 20 минутам. Рекомендовано процесс подготовки нетелей к лактации разделить на два периода, отличающиеся друг от друга величиной вакуумной нагрузки, оказываемой массажным устройством на вымя нетелей. Первый из них можно завершать за 30 дней, а второй – за 7-10 дней до отела животного. Рабочее давление (вакуум) в массажном устройстве в первом и втором периодах не должно превышать соответственно 20 и 10 кПа.

ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАР ТАҒАМ ҚАУІПСІЗДІГІ

ӨОЖ 637.144:635.621

DOI 10.52578/2305-9397-2021-2-2-78-82

Жайлаубаева А.А., магистрант, негізгі автор, <https://orcid.org/0000-0001-9579-0428>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 090009, Жәңгір хан көш., 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы, akslu_13.93@mail.ru

Байбатыров Т.А., ғылыми жетекші, техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, <https://orcid.org/0000-0002-0319-3499>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 090009, Жәңгір хан көш., 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы, torebek-18@mail.ru

Zhailaubayeva A.A., Postgraduate, the main author

«Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University» NPJSC, 090009, 51 Zhangir Khan Str., Uralsk, Republic of Kazakhstan

Baibatyrov T.A., Candidate of Technical Sciences, Associate Professor, Scientific Advisor

«Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University» NPJSC, 090009, 51 Zhangir Khan Str., Uralsk, Republic of Kazakhstan

АСҚАБАҚ ПЮРЕСІ ҚОСЫЛҒАН БАЛМҰЗДАҚТЫҢ ҚАУІПСІЗДІК КӨРСЕТКІШТЕРІ SAFETY INDICATORS OF ICE CREAM WITH PUMPKIN PURE ADDITIVE

Аннотация

Мақалада балмұздақ шикізатының табиғи түрі және оның жоғары тағамдық және биологиялық құндылығы, адам ағзасына әсері түсіндіріледі. Асқабақ пюресі қосылған балмұздақтың қауіпсіздік көрсеткіштері анықталатын болады. Құрамында табиғи шикізаттары бар өнімдермен тамақтану адам ағзасын қоршаған ортаның кері әсерінен қорғайтын фактор болып табылады. Сақтау процесі кезінде тағамдық құндылығы жоғары асқабақ пюресі қосылған балмұздақ өнімінің органолептикалық, физика-химиялық және микробиологиялық көрсеткіштерінің өзгеруіне зерттеулер жүргізілді.

Микробиологиялық көрсеткіштер бойынша балмұздақ стандарт талаптарына сай болуы керек. Тағамдық құндылығы жоғары балмұздақ жасау балмұздақты табиғи өсімдік толтырғышымен - асқабақ пюресімен байытуды қамтиды. Тағамдық құндылығы жоғары балмұздақтың микробиологиялық көрсеткіштерін зерттеу нәтижелері органолептикалық сынамалардың нәтижелерін растайды және балмұздақ өнімін жарамдылық мерзімі ішінде талап етілетін жағдайларда сақтау кезінде нормаланатын көрсеткіштердің мәндері талап етілетін стандарттар шегінде қалатынын куәландырады. Балмұздақтың сапасы қоспаның құрамдас бөліктерінің қатынасы мен санына байланысты. Асқабақ пюресі құрамының жоғарылауымен балмұздақ нәзік құрылым мен дәмнің толықтығына ие болады, консистенциясы жақсарайды, калория мөлшері артады, алайда шайқалуы азаяды. Асқабақ пюресі түріндегі толтырғыштың құнды қасиеттері мен қол жетімділігін ескере отырып, оны қосу арқылы аралас өнімдер жасау мүмкіндігі зерттелді.

ANNOTATION

The article reveals the natural type of raw ice cream and its high nutritional and biological value, the effect on the human body. The safety indicators of ice cream with pumpkin puree will be determined. Nutrition with products containing natural raw materials is a factor that protects the human body from the negative effects of the environment. During storage, studies were conducted on changes in the organoleptic, physico-chemical and microbiological parameters of the ice cream product with pumpkin puree of high nutritional value. According to microbiological indicators, ice cream must meet the requirements of the standard. The preparation of ice cream of high nutritional value involves enriching the ice cream with a natural vegetable filler-pumpkin puree. The results of the study of microbiological indicators of ice cream of increased nutritional value confirm the results of organoleptic samples and indicate that when storing ice cream in the required conditions during the shelf life, the values of the normalized indicators remain within the required standards. The quality of

the ice cream is determined by the ratio and quantity of the components of the mixture. With an increase in the content of pumpkin puree, ice cream acquires a delicate structure and fullness of taste, improves consistency, increases calorie content, but at the same time reduces whipping. Taking into account the valuable properties and availability of obtaining pumpkin filler in the form of puree, the possibility of creating combined products with its addition is studied.

Түйін сөздер: балмұздақ шикізаты, асқабақ пюресі, тағам қауіпсіздігі, органолептикалық және микробиологиялық көрсеткіштер, тағамдық, биологиялық және энергетикалық құндылық.

Key words: raw materials for ice cream, pumpkin puree, food safety, organoleptic and microbiological parameters, food, biological and energy value of the product.

Кіріспе. Адамдардың тамақтануында сүт өнімдері маңызды рөл атқарады, олардың арасында балмұздақ қазіргі уақытта тек тәтті ретінде ғана емес, толыққанды тамақ өнімі ретінде де ерекшеленеді. Азық-түлікті биологиялық белсенді компоненттермен, соның ішінде балмұздақпен байыту-бұл тағамдық құндылықты арттыру тәсілі және оның жаппай қол жетімділігіне ықпал етеді [1].

Балмұздақ технологиясында адам үшін физиологиялық маңызды компоненттері бар өсімдік шикізатының жаңа түрлері мен формаларын негіздеу және пайдалану дайын өнімнің жоғары тұтынушылық сипаттамаларын қамтамасыз ететін функционалды тамақ өнімдерінің жаңа ассортиментін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты өсімдік тектес функционалды тағамдық ингредиенттерді қолдана отырып, халықтың оңтайлы тамақтану қажеттіліктерін қанағаттандыратын балмұздақтың жаңа ассортиментін жасау тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі үшін өзекті мәселе болып табылады [2].

Асқабақ-бұл дәрумендердің қоймасы, олардың көп бөлігі тек жұмсағында ғана емес, сонымен қатар тұқымдар мен гүлдерде де кездеседі. Асқабақта сәбізге қарағанда 4-5 есе көп каротин бар [3]. Денедегі каротиндер А дәруменіне айналады, ол көру үшін өте пайдалы, сонымен қатар күшті антиоксидант болып табылады. Асқабақта С, Е, К дәрумендері және В тобындағы барлық дәрумендер бар [4].

Нормаға сәйкес балмұздақ сапасының көрсеткіштері. Балмұздақтың жоғары дәмі болуы керек, ол теңдестірілген тамақтану формуласы ұсынған белгілі бір арақатынаста қамтылған компоненттердің сәтті таңдалған сандық комбинациясының арқасында қол жеткізіледі [5].

Балмұздақ жеткілікті мөлшерде шайқалған болуы керек, құрылымның біркелкілігімен сипатталуы керек, ауыз қуысын тым көп салқындатпауы керек, баяу еруі керек.

Қолданыстағы техникалық құжаттамаға сәйкес балмұздақтың дәмі мен иісі балмұздақтың сол түріне және оны дайындау үшін пайдаланылатын шикізатқа тән, бөгде дәмсіз және иіссіз таза болуы тиіс.

Консистенция балмұздақтың бүкіл массасында біркелкі болуы керек, өте тығыз. Сүтті, жеміс-жидекті балмұздақта, сондай-ақ майы аз (5% - ға дейін) немесе майсыз балмұздақтарда аздап қар консистенциясына жол беріледі.

Түсі балмұздақтың сол түріне тән болуы керек. Жемістер, жидектер мен жаңғақтарды пайдалана отырып дайындалған балмұздақта (тұтастай алғанда да, ұсақталған түрінде де), сондай-ақ мәрмәр балмұздақта біркелкі емес бояудың болуына жол беріледі.

Зерттеу нәтижелері мен талқылауы. Балмұздақтың тағамдық және энергетикалық құндылығы.

Адам ағзасында тотығу кезінде 1 г ақуыздан – 4 ккал, майлардан – 9 ккал көмірсулардан – 3,8 ккал, энергия бөлінеді.

Орташа есеппен сүтті балмұздақтың калориясы 132 кКал, кілегейлі балмұздақ-183 кКал.

Орташа есеппен сүтті және жемісті балмұздақ түрлерінің энергетикалық құндылығы 560,7 – 616,2 кДж/кг, пломбир –1010 кДж/кг-ға дейін құрайды

Балмұздақтағы көмірсулардың құрамы 14 тен 25 %-ға дейін, май – 3,5 - 15%, ақуыз - 3,5 – 4,5%, минералды заттар - 0,7% - ды құрайды. Балмұздақ ағзада 95-98% сіңіріледі [6].

Асқабақтың целлюлозасында негізінен лигнин (4-8 %) және әртүрлі көмірсулар компоненттері, соның ішінде пектиндер (19-21 %), целлюлоза (27-29 %), талшық (34-38 %), кальций, магний, темір тұздары бар, С дәрумендеріне өте бай, В тобы, РР, бета-каротин. Талшық асқазан-ішек жолдарының мотор функциясын жақсартады, ішектегі тоқырауды жояды.

Дайын өнім сапасының органолептикалық көрсеткіштері және тағамдық, энергетикалық құндылығы анықталды.

Өнімдегі ақуыздың, липидтердің және көмірсулардың массалық үлесін біле отырып, энергетикалық құндылығы есептелді (1 кесте)

$$Э_{ц} = M_6 \times 4 + M_ж \times 9 + M_y \times 3,8, \quad (1)$$

1-кесте – Асқабақ пюресі қосылған балмұздақтың тағамдық және энергетикалық құндылығы

Шикізат	Әрбір шикізаттың 100 гр тағамдық құндылығы				Рецепт бойынша тағамдық құндылығы		
	Рецепт бойынша грамм	Ақуыз гр	Май гр	Көмірсу гр	Ақуыз гр	Май гр	Көмірсу гр
Сүт 3,2%	300	2,9	3,2	4,7	8,7	9,6	14,1
Кілегей 20%	250	2,5	20	4	6,25	50	10
Құм шекер	100	0	0	99,8	0	0	99,8
жүгері крахмалы	10	1	0,6	83,5	0,1	0,06	8,35
Асқабақ	150	1	0,1	4,4	1,5	0,15	6,6
Жиыны	810				16,55	59,81	138,85

Балмұздақтың органолептикалық көрсеткіштері

Органолептикалық бақылау жүргізу кезінде (МЕМСТ 28283-89) шикізат пен дайын өнім ақауларының пайда болу себептерін анықтап, олардың пайда болуы дер кезінде тоқтатылды, шығарылатын балмұздақтың сапасын жақсарту, стандартты емес өнімнің өндірілуін толық болдырмау үшін маңызды. Органолептикалық баға төмендегі кестеде келтірілген талаптарға сәйкес келді (2-кесте) [7].

2-кесте – Асқабақ пюресі қосылған балмұздақтың органолептикалық көрсеткіштері

Көрсеткіштері	Сипаттамасы	Нормасы
Дәмі, иісі	Таза, балмұздақтың көрсетілген түріне тән және қолданылатын шикізаттың көрсетілген түріне тән бөгде дәмсіз және иіссіз	Таза, балмұздақтың көрсетілген түріне тән және қолданылатын шикізаттың көрсетілген түріне тән бөгде дәмсіз және иіссіз (МЕМСТ 28283-89)
Консистенциясы	Барлық массасы бойынша біркелкі, мұз кристалдарынсыз, май түйіршіктерінсіз және стабилизаторсыз. Жеміс балмұздағындағы әлсіз кеуекті консистенцияға жол беріледі.	Барлық массасы бойынша біркелкі, мұз кристалдарынсыз, май түйіршіктерінсіз және стабилизаторсыз. Жеміс балмұздағындағы әлсіз кеуекті консистенцияға жол беріледі. (МЕМСТ 28283-89)
Түсі	Өнімнің осы түріне тән біртекті. Жемістермен дайындалған балмұздақта біркелкі емес түске жол беріледі.	Өнімнің осы түріне тән біртекті. Жемістермен дайындалған балмұздақта біркелкі емес түске жол беріледі. (МЕМСТ 28283-89)

Балмұздақтың микробиологиялық көрсеткіштері.

Микробиологиялық көрсеткіштер бойынша балмұздақ келесі талаптарға сай болуы керек:

1. 1 мл микробтардың жалпы саны балмұздақтың барлық түрлері үшін 100 мыңнан аспауы керек.

2. Ішек таяқшасының титрі 0,3-тен төмен болмауы тиіс (үш пробиркада себу кезінде әрбір ішек таяқшасына 0,1 мл-ден бір пробиркадағыдан артық емес жол беріледі).

3. Құрамында патогенді микроорганизмдер жоқ (3 кесте)

3-кесте – Зерттеуге алынған балмұздақ өнімдерінің салыстырмалы микробиологиялық көрсеткіштері

Өнім түрі	КМАФАнМ, КОЕ/г, көп емес МЕМСТ 52816-2007	норма	Өнім массасы (г, см ³), болмауы керек					
			БГКП (колиформдар) МЕМСТ 52175- 2003	норма	Патогенді, соның ішінде сальмонеллде р МЕМСТ 30519-97	норма	<i>S.aureus</i> МЕМСТ 30347-97	норма
Асқабақ қосылған кілегейлі балмұздақ	1·10 ³	1*10	Табылған жоқ	Р.Е.	Табылған жоқ		-	Р.Е.
Кілегейлі балмұздақ	1·10 ²	1*10	Табылған жоқ	Р.Е.	Табылған жоқ		-	Р.Е.

Ескерту - Р.Е. - Рұқсат етілмеген

Қорытынды. Табиғи асқабақ пюресі қосылған балмұздақтың тағамдық және биологиялық құндылығы ТРТС 033 / 2013 талаптарына сәйкес келеді.

Калориясы, ккал: 131,2 ккал

Ақуыз, г: 2,04

Майлар, г: 7,38

Көмірсулар, г: 17,14

Сақтау кезінде тағамдық құндылығы жоғары балмұздақтың органолептикалық және микробиологиялық көрсеткіштерінің өзгеруіне зерттеулер жүргізілді.

Органолептикалық көрсеткіштерді анықтау 24 сағаттан кейін 5 күн бойы жүргізілді. Осылайша, жарамдылық мерзімі ішінде көрсеткіштер ТРТС 033/2013 талаптарына толық сәйкес келетіні анықталды. Ал жарамдылық мерзімі аяқталғаннан кейін (яғни 96 сағаттан кейін) консистенция жағыла бастады. Таза емес және ескі ашытқы иісі мен дәмі пайда болды. Түсі өзгеріссіз қалды

Асқабақты балмұздақтың микробиологиялық және органолептикалық көрсеткіштерін зерттеу нәтижелері өнімді жарамдылық мерзімі ішінде талап етілгендей сақтаған жағдайда нормалық көрсеткіштердің мәндері ГОСТ 31457 - 2012 талап етілетін шектерде қалатынын көрсетті. Бұл өз кезегінде асқабақты балмұздақ өнімі функционалдық максаттағы өнімдердің ассортиментін кеңейтетінін растайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бернасconi Е.Б., Кладий А.Г. О мороженом всё и даже больше. М.: ЦНТБ пищевой промышленности, 2006. – 58 с.

2. Тыква: самая дородная красавица огородная // Питание и общество. -2014. - № 2. – С. 52.

3. Сладкова Ю. Все о мороженом. – М.: Вече, 2002. – 256 с.

4. Скрипников Ю.Г., Винницкая В.Ф., Коровкина М.Ю. Технологические особенности производства тыквенного пюре // Достижения науки и техники АПК. – 2008. - №8. – <https://cyberleninka.ru/article/n/tehnologicheskie-osobennosti-proizvodstva-tykvennogo-pyure>

5. Чикина Л. В. Надзор за качеством и безопасностью молока и молочных продуктов // Молочная промышленность. – 2013. - <https://moloprom.ru/category/zhurnal-molochnaya-promyshlennost/2013/yanvar-2015-2013/>.

6. Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы КО ТР 033/2013 Кеден одағының техникалық регламенті. - [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://docs.eaeunion.org/docs/kk-kz/01119069/clcd_13112017_145_doc.docx

7. Скурихин И.М., Тутельян В.А. Химический состав российских пищевых продуктов. - М.: ДеЛи-принт, 2002. – 236 с.

ÄDEBIËTTER TIZIMI

1. Bernaskoni E.B., Kladij A.G. O morozhenom vsyo i dazhe bol'she. M.: CNTB pishchevoj promyshlennosti, 2006. – 58 s.

2. Тыква: samaya dorodnaya krasavica ogorodnaya // Pitanie i obshchestvo. -2014. - № 2. – S. 52.

3. Sladkova Yu. Vse o morozhenom. – M.: Veche, 2002. – 256 s.

4. Skripnikov Yu.G., Vinnickaya V.F., Korovkina M.Yu. Tekhnologicheskie osobennosti proizvodstva tykvennogo pyure // Dostizheniya nauki i tekhniki APK. – 2008. - №8. – <https://cyberleninka.ru/article/n/tehnologicheskie-osobennosti-proizvodstva-tykvennogo-pyure>

5. Chikina L. V. Nadzor za kachestvom i bezopasnost'yu moloka i molochnyh produktov // Molochnaya promyshlennost'. – 2013. - <https://moloprom.ru/category/zhurnal-molochnaya-promyshlennost/2013/yanvar-2015-2013/>.

6. Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы КО ТР 033/2013 Кеден одағының техникалық регламенті. - [Elektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: https://docs.eaeunion.org/docs/kk-kz/01119069/clcd_13112017_145_doc.docx

7. Skurihin I.M., Tutel'yan V.A. Himicheskij sostav rossijskih pishchevyh produktov.- M.: DeLi-print, 2002. – 236 s.

РЕЗЮМЕ

В статье раскрывается натуральный вид сырья мороженого и его высокая пищевая и биологическая ценность, влияние на организм человека. Будут определены показатели безопасности мороженого с тыквенным пюре. Питание продуктами, содержащими натуральное сырье, является фактором, защищающим организм человека от негативного воздействия окружающей среды. В процессе хранения проводились исследования на изменение органолептических, физико-химических и микробиологических показателей мороженого продукта с тыквенным пюре высокой пищевой ценности. По микробиологическим показателям мороженое должно отвечать требованиям стандарта. Приготовление мороженого повышенной пищевой ценности предусматривает обогащение мороженого натуральным растительным наполнителем - тыквенным пюре. Результаты исследования микробиологических показателей мороженого повышенной пищевой ценности подтверждают результаты органолептических проб и свидетельствуют о том, что при хранении мороженого в требуемых условиях в течение срока годности значения нормируемых показателей остаются в пределах требуемых стандартов. На качество мороженого решающее значение оказывают соотношение и количество компонентов смеси. При увеличении содержания тыквенного пюре мороженое приобретает нежную структуру и полноту вкуса, улучшается консистенция, повышается калорийность, однако при этом понижается взбиваемость. Учитывая ценные свойства и доступность получения тыквенного наполнителя в виде пюре изучена возможность создания комбинированных продуктов с его добавлением.

Тұрсынғалиева Н.Г., магистрант, **негізгі автор**, <https://orcid.org/0000-0002-4113-4641>
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 090009, Жәңгір хан көш., 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы, nazerke0230@inbox.ru

Байбатыров Т.А., ғылыми жетекші, техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, <https://orcid.org/0000-0002-0319-3499>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 090009, Жәңгір хан көш., 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы, torebek-18@mail.ru

Ожанов Г.С., ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты, <https://orcid.org/0000-0002-6852-3890>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 090009, Жәңгір хан көш., 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы, gali7319@mail.ru

Türsynǵaliev N.G., Postgraduate, **the main author**

«Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University» NPJSC, 090009, 51 Zhangir Khan Str., Uralsk, Republic of Kazakhstan

Baibatyrov T.A., Candidate of Technical Sciences, Associate Professor, Scientific Advisor

«Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University» NPJSC, 090009, 51 Zhangir Khan Str., Uralsk, Republic of Kazakhstan

Ozhanov G.S., Candidate of Agricultural Sciences

«Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University» NPJSC, 090009, 51 Zhangir Khan Str., Uralsk, Republic of Kazakhstan

**МАЙ ӨНДІРІСІНДЕГІ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ
НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ
MAIN DIRECTIONS FOR IMPROVING TECHNOLOGICAL PROCESSES IN
VEGETABLE OIL PRODUCTION**

Аннотация

Мақалада май өндірісінің технологиялық үрдістерін дамыту болашағы, май өндірістерінің экологиялық қауіпсіздігі саласындағы басым бағыттар қарастырылған. Технологиялық үрдістердің негізгі қатарына мыналар жатады: өсімдік майларын өндіру; тазарту; майларды гидрогенизациялау және қайта этерификациялау; кондитерлік, нан пісіру және кулинарлы майларды өндіру; глицерин, май қышқылдары мен жуу құралдарын өндіру. Сонымен қатар мақалада саланы инновациялық, технологиялық және техникалық дамыту, май өндірісіндегі технологиялық үрдістерді жетілдірудің негізгі бағыттары, майлардың стационарлық және биологиялық белсенді катализаторларын әзірлеу; майларды модификациялау үшін реакторлар жасау, сыртқы су айналымынсыз қанықтыру әдісімен гидратталған майларды алудың технологиясын қарқынды игеру; шикізатты улардан босатуға мүмкіндік беретін тазартудың жаңа әдістері мен режимдерін әзірлеу және енгізу, гидрогенизация үрдісін автоматты бақылау және реттеу, дәстүрлі және дәстүрлі емес физикалық, жылу, күштік, каталитикалық (химиялық және биотехнологиялық) тәсілдерді пайдалану негізделген, техникалық-экономикалық көрсеткіштері жақсартылған майлы тұқымдар мен олардан жасалған өнімдерді қайта өңдеу технологияларын құру, экструзиялық үрдістер мен технологиялардың ғылыми негіздерін пайдалану, тағам өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында тамақтанудың заман талаптарына жауап беретін жаңа үнемді технологиялар мен биологиялық толыққанды өнімдер түрлерін құрудың теориялық қағидалары қарастырылған.

ANNOTATION

The article discusses the prospects for the development of technological processes of oil production, priorities in the field of environmental safety of oil production. The main series of technological processes include: production of vegetable oils; purification; hydrogenation and re-esterification of oils; production of confectionery, baking and cooking oils; production of glycerin, oil bristles and detergents. In addition, the main directions of improving technological processes in oil production, preparation of stationary and biologically active oil catalysts are considered; creation of reactors for the modification of lubricants, technology for the production of hydrated oils by saturation without external water circulation; development and implementation of new methods and treatment modes that allow to get rid of raw substances, automatic control and regulation of the hydrogenation process, the use of traditional and non-traditional physical, thermal, power, catalytic (chemical and

biotechnological) practices, the creation of technologies for processing oilseeds and products from them with improved technical and economic indicators, the use of scientific foundations of extrusion processes and technologies, the theoretical provisions of creating new economical technologies and types of biological products are considered, meet the modern requirements of nutrition.

Түйін сөздер: май өнеркәсібі, инновациялар, өндіріс технологиясы.

Key words: vegetable oil production, innovations, production technologies.

Кіріспе. Соңғы жылдары Қазақстанның майлы дақылдары әлемдік нарығындағы рөлі ұдайы өсіп келеді. Өндірісті мемлекеттік ынталандыру, ішкі қайта өңдеуді дамыту, сондай-ақ тұрақты әлемдік сұраныс дамушы Қазақстандық майлы секторға қолдау көрсетеді. Күнбағыс ҚР басым дақылдарының бірі бола отырып, өндірістің айтарлықтай өсуімен таң қалдырады - 2009 жылдан бастап оның жалпы түсімі 2,5 есе өсті. Ал майлы дақылдар мен оны қайта өңдеу өнімдерінің жоғары сапасы шетелдік сатып алушылардың қызығушылығын тудырады.

Қазақстанның майлы дақылдары қарқынды өсіп келеді, оны дамытудың драйвері ауыл шаруашылығы алқаптарын әртараптандырудың мемлекеттік саясаты болды, ал 2017 жылғы ақпанда қабылданған 2017-2021 жылдарға арналған АӨК дамытудың мемлекеттік бағдарламасы осы бағыттағы нақты міндеттерді бекітті. Мәселен, майлы дақылдардың егіс алқаптарын 44% - ға кеңейтумен бір мезгілде бидай сынасын 22% - ға қысқарту жоспарланып отыр. Статистика комитетінің мәліметтеріне сәйкес, майлы дақылдардың жалпы түсімі рекордтық 2,36 млн тоннаны құрады. Өндіріс құрылымында күнбағыс және майлы зығыр басым болды, олардың үлесіне тиісінше 38% және 29% болды [1].

2018 жылдан майлы дақылдар өндірісінде қарқынды өсу үрдісі сақталады. Ресми мәліметтер бойынша, майлы дақылдардың егіс алқабы өткен маусымға қарағанда 14%-ға өсіп, 2,8 млн га – ға жетті. Жалпы түсім кезекті рекорд - 2,6 млн тонна деңгейінде бағаланып отыр.

Қазіргі уақытта май өндірістерінің экологиялық қауіпсіздігін сақтау саласында мынадай техникалық-экономикалық іс-шаралар басым болуға тиіс.

Біріншіден, өсімдік майлары мен майлардың тотығу үрдісін болдырмау үшін іс жүзінде шаралар жүргізілмейді, ал кейде антиоксиданттар қолданылады, олар сақтау кезінде ыдырайды және пероксид мөлшерінің көбеюіне байланысты өнімнің сапасын нашарлатады.

Майлардың табиғи қасиеттерін сақтау, олардың сақтау мерзімін арттыру үшін мөлшерлеу және өлшеп-орау сатыларында магнитті өңдеуді қолдану ұсынылады. Күшті тұрақты магнит өрісінің әсерінен ортаның құрылымы өзгереді және оттегінің ішінара дезактивациясы жүреді, нәтижесінде майлардың сақтау мерзімі 1,5 есе артады. Бұл өндірістің техникалық-экономикалық көрсеткіштеріне оң әсер етеді.

Екіншіден, уытты катализаторлық металдарды модификацияланған тағамдық майлардан шығару. Май өнеркәсібінде мұндай шаралар әрдайым бола бермейді. Модификацияланған майларды деметализациялау үрдістерін физикалық тазарту, тиімді адсорбенттерді одан әрі пайдалана отырып, лимон қышқылымен өңдеу жолымен орындау ұсынылады, бұл катализаторлардың, атап айтқанда никельдің қалдық мөлшерін шығаруды 25-тен 95% - ға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл электр энергиясы мен судың үлестік шығынын азайту есебінен өнімнің экологиялық тазалығын, қоршаған ортаны қорғауды және өндірістің экономикалық тиімділігін арттыруды қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, жаппай және емдік-профилактикалық тамақтану үшін экологиялық таза өсімдік майларының жаңа түрлерін жасау. Өсімдік майларының кейбір түрлері май қышқылының, дәрумендер мен биологиялық белсенді заттардың төмен құрамымен сипатталады. Тағамдық құндылығын арттыру мақсатында биологиялық белсенді заттарды ұстайтын өсімдік сығындыларының қосындылары бар оңтайлы майқышқылды құрамы бар, өсімдік майларын жасауға кешенді тәсілді қолдану ұсынылады. Бұл жоғары тұтынушылық сапасы және ұзақ сақтау мерзімі бар макро және микронутриенттер бойынша толыққанды теңдестірілген өнімді алуға мүмкіндік береді, ол халықтың жоғары сұранысына ие болады, бұл тұтастай алғанда кәсіпорындардың және май өнеркәсібінің экономикалық көрсеткіштерінің артуына алып келеді.

Соңғы уақытта халықтың рационында ақуыз өнімдерін тұтынудың төмендеуі байқалады. Нарықта генетикалық түрлендірілген шикізаттан өндірілген импортталған ақуыз өнімдері келеді, оларға қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша пайдаланылатын шикізат пен өнімдердің мониторингісі жоқ.

Нормаға сәйкес май өнімдерінің сапасының көрсеткіштері. Ақуыз және ақуыз өнімдерін өндіруде биотехникалық әдістерді қолдану және ақуыз шикізатын, жартылай фабрикаттар мен өнімдерді физикалық - химиялық және экологиялық бақылауды жүзеге асыру ұсынылады, ол үшін күнбағыс, соя, бұршақ тұқымдарын шикізат ретінде пайдаланылады. Бұл жоғары концентрацияланған модификацияланған өсімдік ақуыздарының жаңа формаларын, соның ішінде текстураларды, изоляттарды және эмульсияларды жасауға, май өнеркәсібінің жоғары технологиялық - экономикалық көрсеткіштерін қамтамасыз ететін аминқышқылдары бойынша теңестірілген жаңа экологиялық қауіпсіз және жоғары сапалы тамақ өнімдерін алуға мүмкіндік береді.

Май өндірісінің негізгі технологиялық үрдістерінің техникалық - экономикалық көрсеткіштерін арттыру. Негізгі технологиялық үрдістерді жетілдіру қатарына мыналар жатады: өсімдік майларын өндіру; өсімдік майларын рафинациялау; майларды гидрогенизациялау және перезтерификациялау; майонез және маргариндерді; нан өнімдері және аспаздық майларды өндіру; тағамдық беттік - белсенді заттар, глицерин, май қышқылдары мен жуу құралдарын өндіру [2-4].

Өсімдік майын өндірудің негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштеріне: май шығару көлемі, оның сорттылығы, тағамның сапасы мен азықтық құндылығы, еріткіштің, будың және электр энергиясының шығыны, жабдықтардың саны мен құны, өндірістік алаңдар, жұмысшылар саны болып табылады.

Өсімдік майын өндіру кезіндегі шығындар құрылымында шикізатқа 94-96% келеді, сондықтан материал сыйымдылығының төмендеуі – өндіріс тиімділігін арттырудың факторы. Материалдың сыйымдылығына тұқымның майлылығы және өндіріс үрдісіндегі майдың жоғалуы әсер етеді.

Өндірістің экономикалық тиімділігі, майлы тұқымның капиллярлы - кеуекті құрылымына бағытталған физикалық және биологиялық әдістермен тиімді технологиясын іске асыруға байланысты. Бұл ғылыми талдауға: майлы дақылдардың жоғары майлы, ауруға төзімді сорттарын іріктеу; өсіру, жинау және жинаудан кейінгі өңдеу технологиясын жетілдіру; экструзиялық технологияның күшімен өсімдік майларын жоғары тиімді, аз және қалдықсыз технологияларын жасау арқылы қол жеткізуге болады.

Өсімдік майларын өндіруде шикізатты кешенді өңдеу технологиясы техникалық және экономикалық көрсеткіштері бойынша ең тиімді болып табылады және ең аз инвестицияны қажет етеді.

Май өндіретін зауыттарда шығарылатын майды қайта өңдеуді қамтамасыз ететін 100 т/тәулік өнімділікпен өндіретін сепарациялық желілермен жарактандыру негізінен тағамдық мақсаттағы фосфатидті концентратты алуға мүмкіндік береді, ал біздің аймақтағы өңдеуді қамтамасыз ететін өнімділік 8 - 9 т/тәулігіне құрайды.

Тазартылған майдың өнімділігінің артуы шикі майдың сапасын жақсарту, тазарту әдістерін жетілдіру және нәтижесінде қалдықтар мен ысыраптардың азаюы нәтижесінде пайда болады.

Рафинация өндірісінің технологиясы мен техникасын жетілдірудің негізгі ғылыми-техникалық бағыттары:

- жоғары тиімді тазарту технологиясын талдау;
- автоматтандыру құралдарын барынша пайдалана отырып, қолданыстағы жабдықты жаңғырту және жаңа жабдықты жасау;
- шикізатты өңдеудің ұтымды әдістері мен құралдарын қолдану;
- энергетикалық және материалдық шығындарды, қалдықтар мен шығындарды қысқарту, сондай-ақ су қорларын үнемдеу және қоршаған ортаны қорғау бойынша жұмыстар кешенін жүргізу;
- майларды, атап айтқанда саломастарды тазартудың тиімді әдістері мен селективті режимдерін әзірлеу және енгізу, оларды катализатордың қалдық іздерінен барынша босатуға мүмкіндік береді.

Өсімдік майларынан гидратталатын және гидратталмайтын фосфолипидтерді міндетті түрде бөліп алу қажет, бұл майларды одан әрі қайта өңдеу кезінде, атап айтқанда, бос май қышқылдарын бейтараптандыру, винтеризация, адсорбциялық тазарту, дезодорация, гидрогенизация кезінде қалдықтар мен май шығынын едәуір азайтуға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері мен талқылауы. Тазарту өндірісінің шығындарын екі есе азайтатын маңызды экономикалық әсерді майлардың дәмі мен иісін кетіретін бос май қышқылдары мен хош иісті заттарды кетіру үрдістерін біріктіретін технология береді. Сондықтан, май өнеркәсібінің барлық қайта өңдеу кәсіпорындарында тазарту мен

дезодорациялаудың бірлескен технологиясын қолдану, яғни. дистилляциялық тазарту ұсынылады.

Майлардан фосфолипидтерді барынша алу бағытында гидратация технологиясын жетілдіру және гидратталған майларда гидратталмайтын фосфолипидтер деп аталатын қалдық құрамды азайту жаңа гидраттайтын агенттерді іздестіру жолымен жүруі, режимдерді оңтайландыру және т.б. мұның бәрі арнайы мақсаттағы өнімдерді шығару үшін фосфолипидтердің негізгі көлемін пайдалануды қамтамасыз етеді.

Тазарту технологиясын жетілдіру мақсатында тиімділігі жоғары тұндырғыштар мен сүзгі қондырғыларын әзірлеу қажет. Суспензияны бөлу саласында жоғары механикаландырылған сүзгілерді кеңінен енгізу басты болып табылады.

Майлардан бос май қышқылдарын алып тастау кейіннен негізінен сілтілі тазарту әдісімен жүзеге асырылады, бірақ оларды дистилляциялау арқылы жою әдісі де қарқынды дамуы керек. Тағамдық саломасты алу үшін бос май қышқылдарын айдаумен бірге дезодорациялау үрдісі көбірек қолданылады.

Үздіксіз әсер ететін жоғары температуралы дезодорациялық қондырғыларды одан әрі енгізу тазартылған дезодорацияланған майларды тікелей тамаққа пайдалану үшін де, олардың негізінде тамақ өнімдерін өндіру үшін де өндіруге мүмкіндік береді. Тікелей тамаққа пайдалану үшін тазартылған майлардың барлық көлемі ұсақ ыдыстарға құйылған сауда желісіне жеткізілуі тиіс.

Майларды модификациялау үрдісінің экономикалық тиімділігін арттырудың негізгі ғылыми-техникалық бағыттары:

- аса тиімді және селективті, ұнтақ тәрізді, неғұрлым төмен температуралық режимдерде пайдаланылатын майлардың стационарлық және биологиялық белсенді катализаторларын әзірлеу;

- үрдісті автоматты бақылау мен реттеуді жүзеге асыра отырып, тиімді гидродинамикалық режимде жұмыс істейтін майларды модификациялау үшін реакторлар жасау.

Көрсетілген ғылыми-техникалық және технологиялық үрдістерді әзірлеу өндірістің техникалық-экономикалық көрсеткіштерін жақсартуға, гидрогенизациялық зауыттардың өнімділігін арттыруға және үрдістерді механикаландыру және автоматтандыру есебінен оларды пайдалану қажетін төмендетуге, май шикізатының, қуаттың, катализатордың, сутектің, судың үлестік шығынын азайтуға және түрлендірілген майлардың сапасы мен тағамдық құндылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Майлар мен майлы қышқылдарды гидрлеудің өнеркәсіптік технологиясын жетілдіру келесі бағыттарда дамиды:

- сыртқы су айналымынсыз қанықтыру әдісімен гидратталған майларды алудың технологиясын қарқынды игеру;

- шикізатты каталитикалық улардан барынша босатуға мүмкіндік беретін майларды тазартудың жаңа әдістері мен режимдерін әзірлеу және енгізу;

- 140-180 °C температурада селективті гидрлейтін жаңа жоғары тиімді ұнтақ тәрізді және стационарлық катализаторлар жасау;

- переэтерификацияның тиімді катализаторларын құру;

- сыйымдылығы 30 м³ дейінгі, қарқынды гидродинамикалық режимде және 2,5 МПа дейінгі қысым кезінде жұмыс істейтін гидрогенизациялық реакторларды әзірлеу және енгізу;

- ұнтақты катализаторды саломастан бөлуді механикаландыру және автоматтандыру;

- гидрогенизация үрдісін автоматты бақылау және реттеу.

Қорытынды. Биологиялық құндылығы жоғары өсімдік майлары жоғары сапалы кең ассортиментімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Май өнеркәсібінің қайталама шикізат қорларының негізгі түрлері: күнбағыс қауызы, күнжара және шроттар, фосфатидті концентраттар, қосалқы майлар, гудрондар, пайдаланылған ағартылған саздар мен катализаторлар, дезодорация погондары болып табылады.

Азық-түлік рационьнда тамақ пен шротты қолданудың тиімділігі ауылшаруашылық жануарларының қосымша пайдасында немесе жем құнын төмендетуде мүмкіндік береді. Шроттарды қолданудың ұтымды бағыты-ақуыз изоляттары мен концентраттарын өндіру.

Азық-түлік пен шрот негізінде алынған өсімдік ақуыздары май, ет, сүт, кондитерлік және тамақ өнеркәсібінің басқа салаларында үлкен артықшылықпен қолдануға болады, өсімдік ақуыздарын сақтауға көмектеседі және көбінесе тағамның құндылығын арттырады (1-ден 20% -ға дейін), консистенциясы мен сыртқы түрін жақсартады. Дайын өнімнің салмағы артып,

бағасы сәйкесінше төмендейді. АҚШ тәжірибесі бойынша бұл төмендеу 10-20% құрайды, өндірістің рентабельділігін 5-29% - ға арттырады.

Қорыта айтқанда, саланы инновациялық технологиялық және техникалық дамытуда, май өндірісіндегі технологиялық үрдістерді жетілдірудің негізгі бағыттары:

- дәстүрлі және дәстүрлі емес физикалық, жылу, күштік, каталитикалық (химиялық және биотехнологиялық) тәсілдерді пайдаланумен негізделген, техникалық-экономикалық көрсеткіштері жақсартылған майлы тұқымдар мен олардан жасалған өнімдерді қайта өндеу технологияларын құру;

- экструзиялық үрдістер мен технологиялардың ғылыми негіздерін оларды пайдалана отырып әзірлеу;

- халықтың әртүрлі топтарын әртүрлі теңдестірілген тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында тамақтану туралы ғылымның қазіргі заманғы талаптарына жауап беретін жаңа үнемді технологиялар мен биологиялық толыққанды өнімдер түрлерін құрудың теориялық қағидаларын әзірлеу.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Нагорнов С.А., Дворецкий Д.С., Романцова С.В., Таров В.П. Техника и технология производства и переработки растительных масел. — М.: ГОУ ВПО ТГТУ, 2010. — 96 с.

2. Самойлов А.В. Разработка технологии спредов функционального назначения с синбиотическим комплексом. — М., 2008. — 188 с.

3. Скорюкин А.Н. Технология получения и применения купажированных жировых продуктов с оптимальным составом жирнокислотным составом ПНЖК. — М., 2004. — 201 с.

4. Сонин С.А. Совершенствование технологии рафинации подсолнечных масел на основе разработки экспресс-метода определения содержания свободных жирных кислот. — Краснодар, 2009. - https://www.studmed.ru/sonin-s-a-sovershenstvovanie-tehnologii-rafinacii-podsolnechnyh-masel-na-osnove-razrabotki-ekspress-metoda-opredeleniya-soderzhaniya-svobodnyh-zhirnyh-kislot_b6499ce05c1.html.

ÄDEBIETTER TIZIMI

1. Nagornov S.A., Dvoreckij D.S., Romancova S.V., Tarov V.P. Tekhnika i tekhnologiya proizvodstva i pererabotki rastitel'nyh masel. — М.: GOU VPO TGTU, 2010. — 96 s.

2. Samojlov A.V. Razrabotka tekhnologii spredov funkcional'nogo naznacheniya s sinbioticheskim kompleksom. — М., 2008. — 188 s.

3. Skoryukin A.N. Tekhnologiya polucheniya i primeneniya kupazhированных zhirovyyh produktov s optimal'nym sostavom zhirnokislotnym sostavom PNZHK. — М., 2004. — 201 s.

4. Sonin S.A. Sovershenstvovanie tekhnologii rafinacii podsolnechnyh masel na osnove razrabotki ekspress-metoda opredeleniya soderzhaniya svobodnyh zhirnyh kislot. — Krasnodar, 2009. - https://www.studmed.ru/sonin-s-a-sovershenstvovanie-tehnologii-rafinacii-podsolnechnyh-masel-na-osnove-razrabotki-ekspress-metoda-opredeleniya-soderzhaniya-svobodnyh-zhirnyh-kislot_b6499ce05c1.html.

РЕЗЮМЕ

The key factors determining the efficiency of wind energy use include meteorological conditions, the location of the wind power plant (WPP), the method of converting wing kinetic power into electrical energy, its use in the general power supply system. The most important characteristic governing the energy value of the wind is its speed and direction. These values are influenced by power acting in both horizontal and vertical directions on moving air masses. Owing to a number of meteorological factors, as well as due to the influence of relief conditions, the wind continuous duration in a given location, its speed and direction change randomly. Therefore, the WPP is able to develop the power at different times, which can be predicted with low probability.

Түйін сөздер: жел энергетикалық қондырғы (ЖЭҚ), кернеу генераторы, қыздыру элементтері, жылумен жабдықтау.


Key words: wind power plant, voltage generator, heating elements, heat supply.

Кіріспе. Табиғи газ өткізілмеген Қазақстанның шалғай аймақтарындағы қиын мәселелердің бірі - қыста тұрғын үйді жылыту. Жылумен қамтамасыз ету - бұл ауылдық елді мекендердің инженерлік жабдықтау жүйесінің маңызды элементтерінің бірі. Жылумен жабдықтауды дамыту, оның ішінде дәстүрлі емес энергия көздері арқылы ауылдың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға, ауыл шаруашылығының әртүрлі салаларының өнімділігін

арттыруға ықпал етеді. Әсіресе, газ ғана емес, электр қуаты өткізілмеген шаруа қожалықтарының шалғай аудандарында. Бұл мәселені тұрғын үйді жылытуға және электрмен жабдықтауға арналған автономды жел электр станциясының (ЖЭС) көмегімен шешуге болады.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау. Жел қондырғыларының негізгі 2 түрі бар: көлденең және тік айналу осімен. Көлденең жел қондырғылары желге бағытталуы керек. Бұл үшін олардың конструкциясында «құйрық» деп аталатын қондырғы қарастырылған. Тік айналу жел турбиналары кез-келген жел бағытында жұмыс істейді, бірақ көп жер кеңістігін қажет етеді, өйткені жел турбинасының керілуін қамтамасыз ету қажет. Жел электр станциясын (ЖЭС) тұтынушыларға қосу тәсілдері кернеу генераторының басқару дәрежесіне, қондырғының қуатына байланысты. Генераторды минималды басқарған кезде шығыс кернеуі тұрақсыз болады. Мұндай жағдайларда өндірілген электр қуатын тікелей қыздыру элементтерінде пайдалануға, сондай-ақ кейін пайдалану үшін тоқ түзеткіш қондырғыларында пайдалануға болады. Электр энергиясына салыстырмалы түрде аз қажеттіліктерді қайта зарядталатын батареяларды пайдалану арқылы қанағаттандыруға болады.

1-суретте жел турбиналарының түрлері көрсетілген.



1-сурет - Жел қондырғыларының түрлері

Автономды жел энергетикалық қондырғылары (ЖЭУ) әдетте күн батареяларымен және желсіз қосылатын дизельді электр станциясымен жабдықталған. Күн батареялары күндізгі уақытта жел генераторымен қатар жұмыс істей алады [1].

Жылу қондырғылары үшін (технологиялық суды және басқа ортаны жылыту) жел энергиясының туынды құралдары қолданылады – механикалық және электрлік. Механикалық құралды импеллерлік қондырғылар көмегімен, электрлік құралды – резистивті құрылғыларды қолдану арқылы. Мысалы, Корнелл университеті (АҚШ) жасаған импеллер қондырғысында (жел араластырғышында) жел энергиясының әсерінен көп мөлшерде су құйылған резервуарға орналастырылған пышақтар айналады, осылайша оны 45°C дейін қыздырады.

Резистивті құрылғылар – бұл су контейнерлеріне (электр қазандықтары) орналастырылған құбырлы электр жылытқыштар немесе жылыжай топырағына, едендерге және басқаларға салынған жылу сымдары [2].

Айналымды жел турбинасы шығаратын электр энергиясы генератордан тікелей су қыздырғыштарға ұқсайтын электр жылытқыштарына түседі. Олар жылу аккумуляторының корпусына – сумен толтырылған, үлкен жылуы оқшауланған резервуарға орнатылған.

Генератор жұмыс істеп тұрған кезде суды жылыту үздіксіз жүреді: жел неғұрлым күшті болса, соғұрлым көп ток және сәйкесінше жылу энергиясы көп болады. Бұл жүйенің жұмыс принципі осындай. Қолдан істелген жылыту аккумуляторы әдеттегі үйді жылыту жүйесімен байланысты. Батареяның сыйымдылығы үлкен болғандықтан, батареяларға жылу беру тұрақты болады. Жылу аккумуляторында артық энергия шығыны болмауы үшін оны жылу оқшаулағыш

материалға (минералды мақта немесе пенопласт) орау керек. Жылу ағынын реттеу және қайта бөлу үшін басқару қрандары қолданылады. Адамдар жұмысқа кеткенде, батареядағы жылу олардың үйге келу кезіне көбірек жиналуы үшін қрандарды аздап жабуға болады. Су жылыту құбырлары арқылы ауырлық күшімен қозғалады: жылы судың тығыздығы салқын суға қарағанда төмен, сондықтан ол жоғары көтеріледі. Ал тығыздығы үлкен салқын су төмен түседі де, төменгі құбыр арқылы жылу аккумуляторына барады, бәрі қайта басталады. Қондырғыны құру үшін генератордың қажетті қуатын есептеу керек. Ол неғұрлым күшті болса, біз жылытатын үйдің жылу шығыны неғұрлым көп болса, соғұрлым генератордың қуаты көп болуы керек. Бұл жылу шығыны формула бойынша есептеледі:

$$Q = V \cdot q_0 \cdot (t_{\text{вн}} - t_{\text{нар}}) \eta, \quad (1)$$

мұндағы, V – ғимараттың көлемі (м^3),

$t_{\text{вн}}$ – үй – жайдағы ауаның 18°C -қа тең ең төменгі рұқсат етілген температурасы,

$t_{\text{нар}}$ – осы берілген аудан үшін ауаның ең төменгі температурасы,

q_0 – ғимараттың көлемдік жылу сыйымдылығы, бір қабатты үйлер үшін $0,81 \text{ Вт/м}^3$ -ке тең қабылданатын,

η – климаттық жағдайларға тең өлшемсіз түзету коэффициенті:

$t_{\text{нар}} \geq -10^\circ\text{C}$ кезінде.....1,2; $t_{\text{нар}} \geq -20^\circ\text{C}$1,1; $t_{\text{нар}} \geq -30^\circ\text{C}$1,0; $t_{\text{нар}} \geq -40^\circ\text{C}$0,9. [3]

Мысалы, Маңғыстау облысында ең суық бескүндіктің орташа температурасы -19°C . Атырау облысы үшін орташа температура -28°C , ал Батыс Қазақстан облысы үшін -33°C [4].

Батыс Қазақстан облысын алайық. Егер жақсы оқшауланған қысқы үйдің ауданы 46 м^2 , биіктігі $2,5 \text{ м}$ болса, онда көлемі бойынша

$$V = 46 \cdot 2,5 = 115 \text{ м}^3 \quad (2)$$

яғни, Батыс Қазақстан облысы үшін уақыт бірлігіне жылу шығыны:

$$Q = V \cdot q_0 \cdot (t_{\text{вн}} - t_{\text{нар}}) \eta = 115 \cdot 0,81 \cdot (18 - (-33)) \cdot 1,0 = 4750 \text{ Вт}, \quad (3)$$

Демек, үйді ең суық мезгілде жылыту үшін, қор коэффициентін ($1,15 - 1,17$) ескере отырып, жылу жүйесінің жылу өнімділігі шамамен 5500 Ватт болуы керек. Батыс Қазақстан облысы үшін генератордың ең аз қуаты осындай болуы тиіс. Жылытылатын нысан орналасқан ауданның климаттық деректеріне сүйене отырып, ешкімге аналогиялық есеп жүргізу қиын емес сияқты.

Конвекциялық жылыту жүйесінде шойын радиаторларын қолданған дұрыс, мысалы

M-140AO, олар құрылыс материалдары дүкендерінде сатылады. Мұндай радиаторлар үлкен диаметрлі құбырларды қолдануға мүмкіндік береді, бұл судың жақсы айналымы үшін өте маңызды. Сонымен қатар, үлкен массаның арқасында олар жылуды жақсы сақтайды және ұзақ уақыт сақтайды, басқаларға қарағанда берік, әрі ұзақ жылдарға шыдайды.

Ең үлкен бөлменің сыртқы қабырғаларының жалпы ұзындығы үйдің сыртқы қабырғаларының жалпы ұзындығының шамамен 30% құрайды делік. Онда бұл бөлменің жылу шығыны мынаған тең:

$$Q = 5500 \cdot 0,3 = 1650 \text{ Вт}, \quad (4)$$

Батарея бетінің әр шаршы метрі шамамен 500 Вт жылу жоғалтатындығына сүйене отырып, біз ең үлкен бөлмедегі батарея бөліктерінің (секция) санын есептейміз, егер әр бөліктің беті $0,3 \text{ м}^2$ болса:

$$n = 1650 / (500 \cdot 0,3) = 11 \text{ секция.}$$


Үйдің барлық бөлмелері үшін секцияның жалпы саны:

$$\Sigma_n = 5500 / (500 \cdot 0,3) = 37 \text{ секция.}$$

Бұл батареяларды бөлмелер бойынша бөлу керек, сондықтан қонақ бөлмелерде басқа жерлерге қарағанда секциялар көп болады.

Біз анықтаған генератор – кез-келген жұмыс кернеуі бар айнымалы немесе тұрақты ток генераторы. Генератор ретінде электр қозғалтқыштарының кейбір түрлерін қолдануға болады, мысалы, кез-келген тұрақты ток қозғалтқышы. Егер ток шығаратын генератордың айналу жұмыс жылдамдығы біздің жел роторының айналу санынан көп болса (желдің күшіне байланысты ол $150 - 500$ айн/мин болуы мүмкін), редукторды күшейту керек. Мысалы, кем дегенде 5 ат күші бар аспалы қайық қозғалтқышының редукторы қолайлы. Сонымен қатар, редукторды қолдану генераторды көлденең орналастыруға мүмкіндік береді, өйткені қайық редукторы күшті 90° бұрышпен өткізеді. 2-суретте электр жылытқыштарын қосу схемасы көрсетілген.

Жылытқыштар ретінде суды жылытуға арналған дайын жылытқыштар (ТЭН) немесе дайын электр қазандықтары пайдаланылады. Егер бір су жылытқыштың қуаты аз болса, генератордың максималды қуатына сәйкес келетін бірдей жылытқыштарды немесе қазандықтарды орнату керек. Жылытқыштар генераторға параллель қосылады, ал бірнеше жылытқыштар резервте орнатылады.



S1, S2 – электр ажыратқыштар; Г – жел генераторы; ETA – жылу аккумуляторының сыйымдылығы; R1 – R10 – электр қыздырғыштар (ТЭН-дер); GB – ыстық су (беру); XB – суық су (кері қайту)

2-сурет – Жылытқыштарды жел генераторына қосудың электр схемасы

Жылу аккумуляторы-қалыңдығы 3-5 мм темір парақтан жасалған дәнекерленген болат ванна, ол жылу оқшаулағыш материалмен оқшауланған және берік платформаға орнатылған. Жылу изоляторы ретінде минералды жүн немесе полистирол қолданылады. Сыртқы жағынан, біз жылу аккумуляторын пергамин немесе руберойд материалының екі қабатымен жауып, бүйірден және үстінен керамзитпен немесе ағаш үгінділерін жартылай шлакпен араластырып толтырамыз. Егер генератор қандай да бір себептермен ажыратылған болса, мұндай жылу аккумуляторы, 3-4 күн ішінде үй-жайларды жылытуды қамтамасыз етеді.

Жылумен жабдықтау проблемасы бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі екені жасырын емес. Газ бағасының өсуіне байланысты жылу бағасы да өседі. Жыл сайын жағдай күрделене түседі, өйткені табиғи газ қоры үнемі азайып келеді. Бірақ әрқашан жол бар. Бүгінгі таңда көптеген адамдар үшін бұл мәселенің шешімі үйлер мен ауылшаруашылық өндірісінің балама жылытуы болып табылады.

Баламалы энергиямен қамтамасыз етуге көшу әсіресе жеке үйлер мен коттеждер иелері үшін өзекті. Жеке үйді немесе коттежді автономды жылыту бізге газды пайдалануды үнемдеуге ғана емес, сонымен қатар газ желілеріне қосылу кезінде туындайтын проблемаларды болдырмауға мүмкіндік береді.

Дәстүрлі емес жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын жылумен жабдықтау жүйелерін жылумен жабдықтау нұсқаларын техникалық-экономикалық бағалаудан және оларды экономикалық тиімділіктің келтірілген шығындары бойынша салыстырғаннан кейін таңдау керек. Салыстырылатын нұсқалар есептік жылу жүктемесінің көрсеткіштері және жылулықтың жылдық берілетіні бойынша сәйкес болуы тиіс. Келтірілген шығындар, теңге,

$$Z_i = C_i + E_H \cdot K_i \quad (5)$$

мұндағы C_i – әрбір нұсқа бойынша жылдық пайдалану шығыстары, теңге;

$E_H = 0,15$ – күрделі салымдар тиімділігінің нормативтік коэффициенті;

K_i – жылумен жабдықтаудың әрбір нұсқасы бойынша күрделі салымдар, теңге.

Жылумен жабдықтау жүйелерінің техникалық-экономикалық көрсеткіштері K_y , теңге/ГДж үлестік капитал салымдары және C_T , теңге/ГДж жылудың өзіндік құны болып табылады.

$$\text{Көрсеткіш } K_y = K/\Phi, \quad (6)$$

мұндағы K – күрделі салымдар, теңге; Φ – жылумен жабдықтау көзінің қуаты, ГДж /сағ.

$$\text{Көрсеткіш } C_T = C/Q_T, \quad (7)$$

мұндағы C – жылдық жиынтық пайдалану шығыстары, теңге; Q_T – тұтынушыға жылдық жылу беру, ГДж.

Қорытынды. Дәстүрлі емес жаңартылатын энергия көздерін пайдалану капитал салымдары бойынша да, пайдалану шығыстары бойынша да экономикалық тұрғыдан тиімді (қазандық салудың қажеті жоқ, отынға арналған шығыстар алып тасталады, қазандықты пайдалануға арналған шығыстар алып тасталады). Бұл жағдайда сорғы, жылу алмасу және басқа жабдықтарға қосымша күрделі және пайдалану шығындары пайда болуы мүмкін. Жергілікті қазандықтармен салыстырғанда күрделі шығындар бойынша орташа үнемдеу әдетте кемінде 50%, ал пайдалану бойынша – кемінде 60% құрайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Амерханов Р.А. Теплоэнергетические установки и системы сельского хозяйства. – М.: КОЛОС-ПРЕСС, 2002. – 424 с.
2. Кирюшатов А.И. Использование нетрадиционных возобновляющихся источников энергии в сельско-хозяйственном производстве. – М.: Агропромиздат, 1991. – 98 с.
3. Африн Л. Ветер отапливает дом // Юный техник. – 1988. - №2 – С. 30.
4. СНИП РК 2.04-01-2001. Строительная климатология – Астана – 2002.- 72 с.

ÄEBİETTER TİZİMİ

1. Amerhanov R.A. Teploenergeticheskie ustanovki i sistemy sel'skogo hozyajstva. – М.: KOLOS-PRESS, 2002. – 424 s.
2. Kiryushatov A.I. Ispol'zovanie netradicionnyh vozobnovlyayushchihsya istochnikov energii v sel'sko-hozyajstvennom proizvodstve. – М.: Agropromizdat, 1991. – 98 s.
3. Afrin L. Veter otaplivaet dom // YUnyj tehnik. – 1988. - №2 – S. 30.
4. SNiP RK 2.04-01-2001. Stroitel'naya klimatologiya – Astana – 2002.- 72 s.

РЕЗЮМЕ

В данной статье приведена ветроэнергетическая установка, для отопления жилого дома и сельскохозяйственного производства в отдаленных районах Казахстана, где не проведено в отдаленных точках крестьянских хозяйств не только газ но и электроэнергия. Указаны предпосылки перспективы развития ветроэнергетики Республики Казахстан.

Ветер является одним из наиболее мощных энергетических источников и может быть использован в народном хозяйстве в значительно больших масштабах, чем в настоящее время.

К основным факторам, определяющим эффективность использования энергии ветра, относятся метеорологические условия, место расположения ветроэнергетической установки (ВЭУ), метод преобразования кинетической энергии ветра в электрическую, ее использование в общей системе энергоснабжения. Важнейшей характеристикой, определяющей энергетическую ценность ветра, является его скорость и направление. Эти величины зависят от влияния сил, действующих как в горизонтальном, так и в вертикальном направлениях на движущиеся воздушные массы. В силу ряда метеорологических факторов, а также вследствие влияния рельефных условий, непрерывная длительность ветра в данной местности, его скорость и направление изменяются по случайному закону. Поэтому мощность, которую способна выработать ВЭУ в различные периоды времени, можно предсказать с малой вероятностью. В то же время суммарная выработка агрегата, особенно за длительный промежуток времени, рассчитывается с высоким уровнем достоверности, так как средняя скорость ветра и частота распределения скоростей в течение года или сезона изменяются мало.

Бисенгалиева О.Б., экономика ғылымдарының магистрі, аспирант,
<https://orcid.org/0000-0003-1388-3941>

Самара мемлекеттік экономикалық университеті, 443090, Советской Армии көш., 141,
Самара қ., Ресей Федерациясы, ores-251186@mail.ru

Bisengaliyeva O.B., Master, PhD student

Samara State University of Economics, 443090, 141 Sovetskoу Armii Str., Samara, Russian Federation

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ
ЭВОЛЮЦИЯСЫ
EVOLUTION OF ENTREPRENEURSHIP DEVELOPMENT
IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

Аннотация

Мақала Кәсіпкерлік қазіргі уақыттың ажырамас бөлігі болғандықтан, оның даму жолын білу маңызды. Қазақстандық кәсіпкерлік біршама кедергілермен жолықса да, тиімді басқару мен жоспарлы істің арқасында дамып келеді. Қазіргі таңда жоспарлары мен болжамдары бар, өзінің ежелгі тарихы бар, даму эволюциясы бар жауапты кәсіп. Қазіргі уақытта кәсіпкерлік заңмен қорғалатын және алдағы даму жоспарын бекітіп отырған, болашағымызға жол. Кәсіпкерлік тақырыбы әр уақытта өзекті, себебі нарықтық экономиканың бастауы - кәсіпкерлік. Сондықтан кәсіпкерліктің дамыту эволюциясын зерттеу маңызды. Мақала Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті даму кезеңдеріне арналған. Әлем экономикасының кәсіпкерлік туралы алғашқы жазбаларын қарастыра отырып, Қазақстандық кәсіпкерліктің дамыту эволюциясын 3 кезеңге бөледі. Әр кезеңге негізделіп, қабылданған заңдар және шығарылған жарлықтарға ізденіс жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде кәсіпкерлікті дамыту эволюциясы Қазақстан кәсіпкерлігінің жоспарлы дамып, экономикалық жетістіктерімен бірге толығымен түседі.

ANNOTATION

Today, entrepreneurship is an integral part of the country's economy, so it is important to know the stages of its development and formation. Kazakhstani entrepreneurship faces a number of obstacles and overcomes them thanks to the right decisions and effective work. Today it is a responsible profession with plans and forecasts, with its ancient history, with the evolution of development. Entrepreneurship is our future, which is currently protected by law and always approves plans for further development. The topic of entrepreneurship is always relevant, because the beginning of a market economy is entrepreneurship. Therefore, it is important to study the evolution of entrepreneurship. The article is devoted to the evolution of business development in the Republic of Kazakhstan. Studying the first data and records of the world economy on entrepreneurship, it is possible to divide the evolution of the development of Kazakhstani entrepreneurship into 3 stages. For each stage, a search was carried out for the adopted laws and regulations.

As a result, the evolution of entrepreneurship development is complemented by the systematic development of entrepreneurship and the economic achievements of Kazakhstan.

Түйін сөздер: эволюция, заң, жарлық, кәсіпкерлік, тұжырымдама, реттеу, басқару, бағдарлама, үкімет, даму кезеңдері, тенденция, тиімділік, франчайзинг.

Key words: evolution, law, decree, entrepreneurship, concept, regulation, management, program, government, stages of development, trends, efficiency, franchising.

Кіріспе. Кәсіпкерлік бүгінгі таңда әр ел экономикасының ажырамас бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасы кәсіпкерліктің даму эволюциясында көптеген кедергілерге

ұшыраса да, әр қиыншылықты тәжірбие жүзінде ескеріп, өзінің негізін қалап келеді. Кәсіпкерлік әр тарихи-экономикалық кезеңдеріне қарай адымдап алға жылжып, даму үстінде. Қазіргі таңда кәсіпкерлік қоғамымыздың бір бөлігіне айналды. Ол заңмен қорғалады. Сондықтан кәсіпкерлік тақырыбының өзектілігі сөзсіз. Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлікті дамыту эволюциясын зерттеу үшін алдымен әлемдік деңгейде кәсіпкерлікті дамыту барысында пайда болған алғашқы дерек көздеріне тоқталайық. Кәсіпкерліктің ең ерте деген тұжырымдамаларының бірі XII-XIII ғасырлардағы әлемге әйгілі телогтар мен философтардың еңбектерінде бар. XVI-XVII ғасырлардағы ағылшын философтары Фрэнсис Бэкон мен Томас Хоббс кәсіпкерлік саласын зерттеу мен дамытуға айтарлықтай оң үлес қосты. Кәсіпкерлік тұжырымдамасының қарқынды дамуы XVII ғасырда француз экономисі Р. Кантильоннан бастау алса керек. Р.Кантильон кәсіпкерлікті дамыту эволюциясында зор септігін тигізіп, практикалық ғылыми жандануға әкелді. Әлем экономикасында кәсіпкерлікті дамыту эволюциясының негізін қалаушы: ағылшын классикалық саяси экономистері А. Смит және Д. Рикардо, сонымен бірге К. Маркс және М. Вебер, австро-американдық экономист және әлеуметтанушы И.Шумпетер. Олар қалдырған жазба жұмысында кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау үшін бірқатар маңызды мәселелер қойылып, оңды шешімін тауып отырған. Жеке кәсіппен айналысатын тұлғаның бостандығын, экономикалық қызмет бостандығын, табыс көздерінің проблемасы мен шешу жолдарын, кәсіп қалыптастырудағы еңбектің рөлі, кәсіпкерліктің әлеуметтік-экономикалық мәні тақырыптары аясында жазылған еңбектері арқылы кәсіпкерлікті дамыту эволюциясының фундаментін қалады. Кәсіпкерлікті дамыту эволюциясының замауи еңбектерін Нобель сыйлығының лауреаттары Ф.Хайек, М.Фридман, Д.Саваж, П.Друкер жазбаларынан білеміз.

XII-XIII ғасырлардан бастау алған кәсіпкерлікті қолдау идеологиясы жалғасын тауып, экономикалық қажеттілікке байланысты кәсіпкерлікті дамыту эволюциясына мән беріп, заңдылықтар мен ережелерді енгізе бастады.

Қазақстан Республикасының кәсіпкерлігі ежелгі тарихы бар, өзінің қазақи құндылықтары бар үлкен сала. Қазақ елінің ежелгі кәсіпкерлігі – мал шаруашылығымен, егін шаруашылығымен айналысқан шаруалардан басталып, тұрмыстық бұйындарды жасап сатқан қол өнершілермен, саудагер, көпестерімен белгілі. Олар кәсіптерін өз қажеттіліктеріне қарай, өздерінің күштерімен және қажырлы еңбектерімен дамытып отырды. Ал қазіргі таңда кәсіпкерліктің дамыту эволюциясы Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті қолдау және дамыту саласында мемлекет бекіткен нормативтік актілер негізінде жүзеге асырылады. Мемлекеттік қабылданған нормативтік актілер мен оларды іске асыру нәтижелеріне сүйене отырып, республикада кәсіпкерлікті дамытуды үш кезеңге бөлуге болады:

1 - кезең. 1987 жылдан 2001 жылға дейінгі кезең. 1987-2001 жылдарда басты мақсат - кәсіпкерлер санын арттыру болатын. Яғни кәсіпкерлікпен айналысатын адамдардың санын он есеге көбейту үшін көптеген заңдар мен бағдарламалар қабылданды. Ал халық шаруашылығының бірқатар кәсіпорындары мемлекет меншігіндегі алу және жекешелендіру кезеңдерінен өтті. Қазақстан Республикасының экономикасы дағдарыстан тұрақтандыру кезеңіне біртіндеп көше бастады. Сонымен 1 кезеңді республикадағы кәсіпкерліктің қалыптасу кезеңі ретінде сипаттауға болады. Өйткені осы кезеңнен елдің кәсіпкерлікке бет бұра бастауының алғы шарттары байқалып, өз кәсіптерін бастаған адам саны арта түскен.

2 - кезең. 2002 жылдан 2006 жылға дейінгі кезең. Осы аралыққа созылған кәсіпкерлікті тұрақты дамытудың екінші толқыны болды. Бұл кезеңнің басталуы дамыған нормативтік-құқықтық базамен, ұйымдар мен институттардың бүкіл құрылымдарын құрумен қатар жүрді. Кәсіпкерлікті қолдау, шағын кәсіпкерлікті дамытудың белгілі бір теориялық және практикалық тәжірибесін жинақтау жұмыстары орын алды. Кәсіпкерлікті дамытудың екінші кезеңінің басталуы республика экономикасын өркендетудің негізгі тетіктерінің бірі болып табылатынын көрсетті. Сонымен қатар, кәсіпкерліктің көптеген түрлері мен жаңа қырлары ашыла бастады. Екінші кезеңнің басталуы, атап айтқанда, 2002 жылдан бастап, «Қазақстан Республикасының 2002-2004 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының», «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2004-2006 жылдарға арналған мемлекеттік

бағдарламасының» қабылдануына байланысты. Осы кезеңде ерекше атап өтетін жаңашылдық кәсіпкерліктің перспективалары Ұлттық экономикамен бірге қаралды.

3 - кезең. 2008 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі кезең. Үшінші кезеңнің мәні инновациялық процестермен және өнім экспортымен, бәсекеге қабілетті кәсіби орта дайындаумен байланысты. Бұл кезеңге көшу кәсіпкерлердің сандық өсуіне емес, кәсіпкерлік қызметтің әлеуметтік-экономикалық параметрлерін сапалы өзгертуге бағдарлауға түбегейлі ауысумен байланысты болды.

Осылайша, бизнесті дамытудың әрбір кезеңі қызметтің осы түрін қалыптастыратын факторлары мен нәтижелерімен сипатталады. Кәсіпкерлікті дамыту эволюциясына назар аударып, әр кезең бойынша айырмашылықтарды қарастырайық.

1987 жылдан басталған экономиканың кәсіпкерлік секторы дамуының бірінші кезеңі он төрт жылды қамтыған. Осы уақыт ішінде республикада кәсіпкерлікті тез қарқынмен даму үшін барлық жағдайлар жасалып, нормативтік база құрылды. Қазақстан кәсіпкерлігін дамыту эволюциясы 1987 жылы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (КСРО) үкіметінің «Жеке еңбек қызметі туралы» заңы қабылдануымен басталды.

Осы заңдарға сәйкес, жеке немесе қарыз қаражатын тарту арқылы пайда мен кірісті көздейтін әртүрлі жеке бастамаларға рұқсат етілді. Республика аумағында кооперативтер негізінен қызмет көрсету саласы жұмысын бастады. Оларға коммуналдық қызметтер, тұрмыстық қызметтер, медицина және т.б. жатты. Қазақстан экономикасында мемлекеттік емес сектордың қалыптасуы 1989 жылғы 1 шілдеде «КСРО-дағы кооперация туралы» Заңның енгізілуімен нығайды. Кооперативтерді басқару нысандарын жоспарлы жүргізілді деп айтуға болады. Өйткені 1990 жылы кооперативтер саны 15 мыңға жетіп, жұмысшылар саны 300 мың адамнан асып түсіп, бұл сала одан әрі жандана түсті. Кооперативтік ұйымдардың құрылыста 31,4% болса, жаппай тұтыну тауарларын өндіруде 12% болса, ауыл шаруашылығында 10% жұмыс жасады.

Кооперативтер тауарлар мен өнімдердің $\frac{1}{4}$ бөлігін өндірді. 1990 наурызда «КСРО-дағы меншік Заңы» қабылданып, соның арқасында кәсіпкерлердің құқықтары жерге, жер қойнауына, ғимараттарға, құрылыстарға, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне, бағалы қағаздарға және т. б. меншік иесі ретінде ауқымы кеңіді. Бұл құжатқа 1990 жылғы 11 желтоқсанда қабылданған «Қазақ КСР-індегі шаруашылық қызметінің еркіндігі және кәсіпкерлікті дамыту туралы» Қазақ КСР Заңымен толықтырылып, осы заң негізгі толықтыруы болып табылды. Ал 1991 жылы КСРО-ның «КСРО-дағы кәсіпорындар туралы» Заңы қабылданған болатын, сонымен қатар әртүрлі меншік нысандарындағы кәсіпорындарды ұйымдастырудың жалпы құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін анықтады (1 кесте).

1987 жылдан 1991 жылға дейін кәсіпкерлік еркіндігін шектейтін алғашқы заңдар қабылдана бастаған. 1991 жылғы желтоқсаннан бастап Қазақстан Тәуелсіз мемлекет болып, өз тәжірибесін және өзінің нарықтық реформаларының бағдарламаларын пайдалана отырып, елде кәсіпкерлікті дамытуды қарқынды түрде жалғастырды. Тәуелсіз Қазақстанда кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуы экономикалық дағдарысқа, өндірістік байланыстардың әлсіреуіне, көптеген кәсіпорындардың жұмысының тоқтап қалуына, халықтың өмір сүру деңгейінің күрт төмендеуіне, құбылмалы болған инфляцияға және тағы басқа көптеген кедергілерге айналды. Қиыншылықтарға қарамастан, мемлекет кәсіпкерлік саласын кеңейту мақсатында көптеген мәселелерді шешуге тырысты. 1992 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі «Жеке кәсіпкерлікті қолдау және қорғау туралы» Заңды қабылдады. Содан кейін 1995 жылғы 1 наурызда күшіне енген Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде кәсіпкерлік қызметті мемлекет тарапынан қолдап, кәсіпкерлікпен жеке тұлғалар ғана емес заңды тұлғалар да айналыса алатынын көрсеткен болатын. Кәсіпкерлікті қалыптастырудың алғышарты кәсіпорындарды жекешелендіру және жекешелендіру саласында жүргізілген реформалар болды. Осы жекешелендірудің өзі қазіргі таңға дейін жалғасып, өзінің тиімділігін көрсетіп отыр. Оның өзін 5 кезеңге бөліп қарастыруға болады:

I кезең (1991-1992 жж.) - қызмет көрсету аймағында (сауда, тұрмыстық қызмет көрсету, қоғамдық тамақтандыру және т.б.) жүзеге асырылады;

1-кесте - Бірінші кезеңдегі Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлікті реттеудің негізгі принципі

№	Құжаттардың атауы	Бекіту кезеңі
1	«Жеке еңбек туралы» КСРО заңы	19.11.1986 ж.
2	«КСРО-дағы ынтымақтастық туралы» КСРО заңы	01.07.1989 ж.
3	«КСРО-дағы меншік туралы» КСРО заңы	01.03.1990 ж.
4	«Қазақ КСР-індегі экономикалық қызметтің еркіндігі және кәсіпкерлікті дамыту туралы» Қазақ КСР-інің Заңы	11.12.1990 ж.
5	«КСРО-дағы кәсіпорындар туралы» КСРО заңы	01.01.1991 ж.
6	Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 1992-1994 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы	05.05.1992 ж.
7	«Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	04.07.1992 ж.
8	Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың 1995-1996 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы	10.07.1994 ж.
9	Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі	27.12.1994 ж.
10	«Шағын кәсіпкерлікті дамытуды мемлекеттік қолдауды күшейту және жандандыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	06.03.1997 ж.
11	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасында Екінші деңгейдегі банктердің шағын бизнесті кредиттеуінің ең төменгі мөлшері туралы» қаулысы	08.04.1997 ж.
12	«Жер учаскелерін шағын бизнеске несиеге сату бойынша ашық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу туралы» ереже.	17.04.1997 ж.
13	«Болашақ меншік құқығымен шаруашылық жүргізуші субъектілерге қолданылмайтын өндірістік үй-жайлар мен объектілерді, мемлекеттік кәсіпорындардағы кеңсе алаңдарын беруге арналған тендерлер туралы» (және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне аяқталмаған құрылыстың мемлекеттік объектілерін беру туралы) ереже	17.04.1997 ж.
14	«Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	26.04.1997 ж.
15	«Қазақстан Республикасында Шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың маңызды және өңірлік бағдарламалары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.	07.06.1997 ж.
16	«Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	19.06.1997 ж.
17	«Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	19.06.1997 ж.
18	«Шаруа (фермер) қожалықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	31.03.1998 ж.
19	« Қазақстан Республикасында Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»	31.12.1998 ж.
20	«Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	15.11.1999 ж.
21	«Қаржы лизингі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	05.06.2000 ж.
22	«Коммуналдық меншікті шағын бизнеске кредит беру үшін кепіл ретінде пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	07.07.2000 ж.
23	«Қазақстан Республикасында қолөнерді дамыту тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	11.07.2000 ж.
24	«Шағын бизнестің ақпараттық-көрме орталығы» жабық акционерлік қоғамын құру» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	17.10.2000 ж.
25	«Қазақстан Республикасында Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»	07.05.2001 ж.

II кезең (1993-1995 жж.) - өнеркәсіптік кәсіпорындар арасында және ауыл шаруашылығында;

III кезең (1996-1998 жж.) - Қазақстан экономикасында жеке сектор құру;

IV кезең (1999-2000 жж.) - жекешелендіретін мемлекеттік меншіктің бухгалтерлік есебін, басқару тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін одан әрі жетілдіру;

V-кезең (2006 - бүгінгі күнге дейін) жекешелендіру мен мемлекеттік меншікті басқарудың заңнамалық базасын жетілдіру, басқару тиімділігін арттыру және мемлекеттік меншікті бәсекеге қабілетті жекешелендіруді қамтамасыз ету, жауапкершілікті арттыру.

Кәсіпкерлікті дамытудың екінші кезеңінде кәсіпкерліктің нормативтік-құқықтық базасы жетілдірілу жұмыстары жалғасты (2-кесте).

2-кесте - Екінші кезеңде Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті реттеудің негізгі принципі

№	Құжаттардың атауы	Бекіту кезеңі
1	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасы	28.03.2002 ж.
2	«Инновациялық қызмет туралы» ҚР Заңы	03.07.2002 ж.
3	«Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг)» туралы ҚР заңы	24.07.2002 ж.
4	Қазақстан Республикасында Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2004-2006 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы	29.12.2003 ж.
5	«Кәсіпкерлер Кеңесін құру туралы» қаулы.	23.04.2005 ж.
6	«Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жеңілдікті шаралардың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» қаулы	12.05.2005 ж.
7	Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық саясаты шеңберінде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыру жөніндегі мемлекеттік шаралар туралы	16.03.2006 ж.
8	«Кәсіпкерлік жөніндегі сараптамалық кеңестер жұмысының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулы	02.06.2006 ж.
9	«Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» бұйрық	17.07.2006 ж.
10	Жеке кәсіпкерлік туралы заң	11.01.2007 ж.

Сонымен бірінші кезеңде кәсіпкерліктің перспективалары мен проблемалары нормативтік құқықтық актілерде бөлек мәселе ретінде қарастырылды, сондықтан өзара алмастырылатын құқықтық құжаттар, мемлекеттік бағдарламалар, ережелер экономиканың осы кәсіпкерлік секторының орташа нәтижелеріне әкелді. Ал 2002 жылдың бірінші жартысында республиканың әлеуметтік-экономикалық даму нәтижелері кеңінен қаралып, Үкіметтің кеңейтілген отырысында Н.Ә.Назарбаев «Біз көп жылдар бойы шағын және орта бизнесті, шикізаттық емес салаларды дамыту, импортты алмастыру, қосылған құнды арттыру, жаңа шектерді енгізу қажеттілігі туралы айтып келеміз, бірақ бұл саладағы табыстар әлі де үлкен емес» деп атап өтті....Кәсіпкерлікті дамыту эволюциясының Екінші кезеңінде жаңа өнімдер өндірісін қамтамасыз ететін инновациялық процестермен, жаңа технологиялармен, ұйымдастырудың және басқарудың жаңа әдістерімен тығыз байланысты болды [1, 2].

Инновациялық дамудың 2001-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, инновациялық жобаларды енгізуге бюджеттен қаражат бөлу, 03.07.2002 жылғы «Инновациялық қызмет туралы» заңды бекіту, республикадағы инновациялық кәсіпкерлік дамудың бастапқы кезеңінде тұр. Республикада бизнесті дамытудың бұл кезеңі негізінен кәсіпкерлікті имитациялаумен, яғни инновацияларды белсенді пайдаланумен сипатталғанын көреміз. Елімізде кәсіпкерлер үшін жаңа бизнес - модельдерді енгізу үрдісі байқалады. Оларға франчайзингті атап өтуге болады. Бүгінгі таңда франчайзинг әлемдегі ең танымал бизнес түрлерінің бірі. Елімізде франчайзингтік қатынастарды кеңейту мақсатында «Кешенді бизнес - лицензиялар (франчайзинг) туралы» заң қабылданды, ондағы басты қойылған міндеттерді шешуге бағытталып, оң шешімін тапты. Айта кетсек: елдегі өндірісті дамыту, жұмыспен қамтуды ұлғайту, жоғары білікті мамандарды даярлау және оларды кәсіпкерлік саласына тарту, ішкі нарықты сапалы тауарлармен толтыру [3-5] (3-кесте).

3-кесте - Үшінші кезеңде Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті реттеудің негізгі қағидаты

№	Құжаттардың атауы	Бекіту кезеңі
1	2	3
1	Лицензиялау туралы заң	2008 г.
2	«Өнімділік 2020» бағдарламасы	14.03.2011 ж.

1	2	3
3	Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы	18.04.2014 ж.
4	Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі	29.10.2015 ж.
5	Өнімді жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы	13.11.2018 ж.
6	«Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	16.11.2018 ж.
7	Өнімді жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы.	28.11.2018 ж.
8	«Бизнестің жол картасы 2020 Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті қаржылық қолдау бағдарламалары шеңберінде жүзеге асырылатын жобалардың мониторингі қағидаларын бекіту» туралы	28.03.2019 ж.
9	Микроқаржы қызметі туралы заң	13.05.2020 ж.
10	Экономиканы тұрақтандыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 287 Жарлығын іске асыру үшін салық саясаты жөніндегі шаралар туралы»	27.03.2020 ж.

Қорытынды. Кәсіпкерлікті дамыту эволюциясының үшінші кезеңінде нормативтік актілерді одан әрі жетілдіру және олардың орындалуын бақылауды күшейте отырып, инфрақұрылымды және оны пайдалану тиімділігін жетілдіруді, өңірлік деңгейде қаржылық және кредиттік - инвестициялық қолдау, оқыту және білім беру процесі кеңінен қолға алынды. Халықтың бәсекеге қабілетті тауарлар мен қызметтерге сұранысын толық қанағаттандыруы, жаңа жұмыс орындарын құруы, тек отандық кәсіпкерлер арасында ғана емес, жақын және алыс шетел кәсіпкерлерімен де нақты бәсекелестік ортаны құру үшінші кезеңнің басты мақсаты болып отыр.

Меншік иелерінің негізгі тобын одан әрі қалыптастыру және елдің экспорттық әлеуетін арттыру есебінен шағын кәсіпорындар ірі және орта кәсіпорындар құру үшін негіз болады және бизнесті имитациялау жөніндегі қызметпен қатар инновациялық қызмет қолдау тапты.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Обращение Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева к народу Казахстана: «Казахстан находится на грани нового прорыва в своем развитии» // Суверенный Казахстан. – 2006. - 2 марта. – С. 4.
2. Назарбаев Н.А. Все наши усилия направлены на повышение благосостояния народа // Мысль. - 2002. - №9. – С. 3.
3. Мухаметханов Б. Основной движущей силой перемен в Казахстане, как и во всех государствах с переходной экономикой может стать только собственник // Панорама. - 1995. - №38. – С. 7.
4. Приватизация и развитие новых форм хозяйствования Казахстан:1991-2001 годы. Информационно – аналитический сборник. Алматы: Агентство Республики Казахстан по статистике, 2002- 170-174с.
5. Развитие страхового рынка Казахстана» // Рынок страхования. – 2006. – январь.

ÄDEBIËTTER TIZIMI

1. Obrashchenie Prezidenta Respubliki Kazahstan Nursultana Nazarbaeva k narodu Kazahstana: «Kazahstan nahoditsya na grani novogo proryva v svoem razvitii» // Suverennyj Kazahstan. – 2006. - 2 marta. – S. 4.
2. Nazarbaev N.A. Vse nashi usiliya napravleny na povyshenie blagosostoyaniya naroda // Mysl'. - 2002. - №9. – S. 3.
3. Muhamethanov B. Osnovnoj dvizhushchej siloj peremen v Kazahstane, kak i vo vseh gosudarstvah s perekhodnoj ekonomikoj mozhet stat' tol'ko sobstvennik // Panorama. - 1995. - №38. – S. 7.
4. Privatizaciya i razvitie novyh form hozyajstvovaniya Kazahstan:1991-2001 gody. Informacionno – analiticheskij sbornik. Almaty: Agentstvo Respubliki Kazahstan po statistike, 2002 - 170-174s.
5. Razvitie strahovogo rynka Kazahstana» // Rynok strahovaniya. – 2006. – yanvar'.

РЕЗЮМЕ

Сегодня предпринимательство является неотъемлемой частью экономики страны, поэтому важно знать этапы его развития и становления. Казахское предпринимательство сталкивается с рядом препятствий и преодолевает их благодаря правильным решениям и эффективной работе. Сегодня это ответственная профессия с планами и прогнозами, со своей древней историей, с эволюцией развития. Предпринимательство - это наше будущее, которое в настоящее время охраняется законом и всегда утверждает планы дальнейшего развития. Тема предпринимательства всегда актуальна, ведь начало рыночной экономики - это и есть предпринимательство. Поэтому важно изучить эволюцию предпринимательства. Статья посвящена эволюции развития бизнеса в Республике Казахстан. Изучая первые данные и записи мировой экономики о предпринимательстве, можно разделить эволюцию развития казахского предпринимательства на 3 этапа. По каждому этапу проводился поиск принятых законов и постановлений.

В результате эволюция развития предпринимательства дополняется планомерным развитием предпринимательства и экономическими достижениями Казахстана.

ӨОЖ 330.341.1

DOI 10.52578/2305-9397-2021-2-2-114-118

Есбулатова А.Ж., Ресей Федерациясының техника ғылымдарының кандидаты, PhD-докторы, негізгі автор, <https://orcid.org/0000-0002-1386-7346>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 090009, Жәңгір хан көш., 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы, esbulatova.altyn@mail.ru

Жакеева Ж.Б., студент, <https://orcid.org/0000-0002-5008-4498>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 090009, Жәңгір хан көш., 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы, zhakeyeva.zh@gmail.com

Қуанышқалиев Б.С., студент, <https://orcid.org/0000-0001-8103-5819>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 090009, Жәңгір хан көш., 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы, Beket.kuanyshkaliyev@bk.ru

Танабаев М.Р., студент, <https://orcid.org/0000-0001-7345-8803>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 090009, Жәңгір хан көш., 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы, Mirastanabaev1@mail.ru

Esbulatova A.Zh., Candidate of Technical Sciences of the Russian Federation, PhD, the main author «Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University» NPJSC, 090009, 51 Zhangir Khan Str., Uralsk, Republic of Kazakhstan

Jakeeva J.B., student

«Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University» NPJSC, 090009, 51 Zhangir Khan Str., Uralsk, Republic of Kazakhstan

Kuanyshkaliyev B.S., student

«Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University» NPJSC, 090009, 51 Zhangir Khan Str., Uralsk, Republic of Kazakhstan

Tanabaev M.R., student

«Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University» NPJSC, 090009, 51 Zhangir Khan Str., Uralsk, Republic of Kazakhstan

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСІНЕ АРНАЛҒАН ЦИФРЛЫҚ ҚҰРАЛДАР DIGITAL DEVICES FOR SMALL AND MEDIUM BUSINESS OF KAZAKHSTAN

Аннотация

Мақала Қазақстан Республикасындағы шағын және орта бизнесті цифрландырудың қазіргі тенденциялары мен мүмкіндіктерін зерттеуге арналған. 2015-2019 жылдар кезеңіндегі электрондық сауданың жай-күйіне салыстырмалы талдау жүргізілді, Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша интернет сауда көлемінің серпінін сипаттайтын статистикалық деректер келтірілді. Электрондық бөлшек сауда көлемінің 4 есе, қызметтерді сатудың 3 есе және электрондық коммерцияның барлық санаттары бойынша электрондық коммерцияның жалпы көлемінің 2,8 есе өсуі байқалады. Келтірілген деректер негізінде Қазақстанның барлық өңірлерінде шағын және орта бизнестің электрондық саудасын пайдалану перспективалары туралы қорытынды жасалды.

Сандық құралдар ретінде авторлар сандық платформалар мен электронды сауда алаңдарың қарастырады. Қазақстандық порталдар арасында дамып келе жатқан ISMET.kz және Smart Satu.kz. электрондық алаңдары анықталды.

Сондай-ақ, ҚР шағын және орта бизнесінің цифрлық халықаралық платформалардың мүмкіндіктерін пайдалану мүмкіндіктері қаралды.

ANNOTATION

The article is devoted to the study of modern trends and opportunities of digitalization of small and medium-sized businesses in the Republic of Kazakhstan. A comparative analysis of the state of e-commerce for the period from 2015-2019 is carried out, statistical data describing the dynamics of the volume of e-commerce in the regions of the Republic of Kazakhstan are presented. There is an increase in the volume of e-retail trade by 4 times, the sale of services by 3 and the total volume of e-commerce by 2.8 times in all categories of e-commerce. Based on the above data, a conclusion is made about the prospects for the use of e-commerce by small and medium-sized businesses in all regions of Kazakhstan.

The authors consider digital platforms and electronic trading platforms as digital tools. Among Kazakhstan's portals, the developing electronic platforms of ISMET.kz and Smart Satu.kz are highlighted.

The possibilities of using the capabilities of digital international platforms by small and medium-sized businesses of the Republic of Kazakhstan are also considered.

Түйін сөздер: шағын және орта бизнесті цифрландыру, интернет сауда, цифрлық платформалар.

Key words: digitization of small and medium business, online shopping, digital platforms.

Кіріспе. Цифрлық технологиялар Қазақстан бизнесінің барлық салаларын қозғайды, эпидемиологиялық ахуал сияқты жаңа факторлар шағын және орта бизнес проблемаларын елеулі түрде шиеленістіреді және мұндай жағдайларда цифрлық құралдар тек даму үшін ғана емес, көптеген кәсіпорындардың жұмыс істеуі үшін де бірінші дәрежелі мәнге ие болады.

Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының деректері бойынша Қазақстанда 2020 жылы елдің ЖІӨ-дегі ШОК секторының үлесі шамамен 30% - ды құрады, ШОК қызметінің ірі саласы сауда болып табылады, оған ШОБ субъектілерінің үштен бірінен астамы жатады.

Сауда бизнесін дамыту үшін цифрлық трансформация көлемдерді ұлғайту мүмкіндігін ұсынады, бұл туралы ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері куәландырады (1-кесте) [1]№

1-кесте - ҚР-дағы электрондық коммерция көлемі, млрд теңге

	2015	2016	2017	2018	2019	
электрондық коммерция көлемі, барлығы	155,7	226,4	264,5	395,5	436,0	
оның ішінде:	бөлшек сауда	50,9	78,5	106,9	144,6	206,3
	көтерме сауда	65,7	67,7	87,2	114,8	108,6
	қызметтерді жүзеге асыру	39,2	80,2	70,4	136,1	121,2

Соңғы 5 жылда электрондық коммерцияның барлық санаттары бойынша айтарлықтай өсім байқалады, 2015 жылмен салыстырғанда 2019 жылы электрондық бөлшек сауда көлемі 4 есе, қызметтерді жүзеге асыру 3 есе және электрондық коммерцияның жалпы көлемі 2,8 есе өсті.

Forbes.kz порталында жарияланған деректер бойынша электрондық коммерцияның басым үлесі Алматы қаласында – жалпы республикалық көлемнің 72%-ы, екінші және үшінші орында Нұр - Сұлтан қаласында-9,9% және Шымкент қаласында-5,5% жүзеге асырылады, (2-кесте) [2].

2-кесте - 2019 жылы ҚР өңірлерінде интернет арқылы іске асыру көлемі

	Іске асырудың жалпы көлемі, млн.тг.	Бөлшек сауда, млн.тг.	Көтерме сауда, млн.тг.	Қызметтер, млн.тг.	Үлесі, %
1	2	3	4	5	6
Ақмола обл.	3362	196	211	2955	0,8
Ақтөбе обл.	611	611	0	0	0,1
Алматы обл.	8494	5553	1928	1013	1,9
Атырау обл.	1423	555	0	868	0,3

1	2	3	4	5	6
ШҚО	2196	2066	125	5	0,5
БҚО	12701	12201	410	90	2,9
Жамбыл обл.	1809	1744	64	2	0,4
Қарағанды обл.	12139	8140	1010	2990	2,8
Қостанай обл.	3511	2104	99	1308	0,8
Қызылорда обл.	367	360	0	6	0,1
Маңғыстау обл.	594	382	54	158	0,1
Павлодар обл.	3519	2669	615	235	0,8
СҚО	1903	1406	428	69	0,4
Түркістан обл.	2094	597	0	1497	0,5
Нұр-Сұлтан	43084	9200	7340	26544	9,9
Алматы	314143	155058	88948	70137	72,0
Шымкент	23773	3413	7097	13262	5,5

Қазақстанның басқа облыстары электрондық коммерцияның жалпы республикалық көлемінде 0,1-ден 2,9% - ға дейін аз үлесті алады, бұл ҚР облыстарында электрондық сауданың кең мүмкіндіктерін көрсетеді.

Шағын және орта бизнес кәсіпорындарымен интернет сауда бағытын анықтау кезінде бар нарықты талдау қызығушылық тудырады. ҚР ҰЭМ статистика комитетінің деректері бойынша, сату құрылымында интернет арқылы өткізілетін бөлшек сауда тауарларының ең көп үлесін косметикалық тауарлар құрайды – жалпы көлемнің 27,5%, ұялы немесе басқа сымсыз байланысқа арналған телефондар -11,0% (3-кесте).

3-кесте - Интернет арқылы өткізілетін бөлшек сауда тауарларының негізгі санаттары

Тауарлардың атауы	Сату көлемі, млрд.тг.	Жалпы көлеміндегі үлесі, %
Косметикалық тауарлар	56,7	27,5
Ұялы немесе басқа сымсыз байланыс телефондары	22,6	11,0
Автомобиль бөлшектері мен керек-жарақтары	18,7	9,1
Компьютерлер, шеткері жабдықтар және бағдарламалық қамтамасыз ету	12,7	6,1
Аяқ-киім	12,5	6,0
Киім	11,9	5,8
Ойындар мен ойыншықтар	9,9	4,8
Тұрмыстық электр аспаптары	8,5	4,1
Құрылыс материалдары	5,5	4,1
Аудио және видео жабдықтар	4,7	2,3

Автокөліктерге арналған бөлшектер мен керек-жарақтар аз үлесті алады– 9,1%. Интернет арқылы сатылатын тауарлардың жалпы көлеміндегі киім мен аяқ киім әрқайсысы шамамен 6% құрайды.

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері бойынша интернет арқылы сатылатын қызметтер көлемінің құрылымында билеттерді сату-жалпы көлемнің 46,1%-ы, орналастыру орындарының қызметтерін брондау мен төлеу - 10,5% және жарнама саласындағы қызметтер - 9,4%-ы басым (4 кесте).

ШОБ-ты цифрлық трансформациялау және цифрлық технологиялар ұсынатын мүмкіндіктерді іске асыру үшін халықаралық та, қазақстандық та цифрлық платформаларды пайдалануға болатын тиісті құралдар қажет.

Қазіргі уақытта Forbes Kazakhstan бағалауы бойынша ірі сауда интернет-аландарының отыздығын Каспий банкі басқарады, ол шағын бизнес өкілдерімен де жоғары бағаланады. Осылайша, ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының цифрландыру жөніндегі сарапшыларының пікірінше, болашақта Каспий банкінің платформасы Қазақстанның шағын және микробизнесінің электрондық саудасы мен ақша ағындары (Cash Flow) үшін елдегі ең ірі сервиске айналуы мүмкі [2-4].

4-кесте - Интернет арқылы жүзеге асырылатын негізгі қызметтер

Қызметтердің атауы	Сату көлемі, млрд.тг.	Жалпы көлеміндегі үлесі, %
1	2	3
Көлік билеттерін жүзеге асыру	55,8	46,1

1	2	3
Орналасыру орындарының қызметтерін брондау және төлеу	12,8	10,5
Жарнама саласындағы қызметтер	11,4	9,4
Демалыс, ойын-сауық, мәдениет және спорт саласындағы билеттерді сату	2,1	1,7
Тапсырыс бойынша тамақ жеткізу	1,7	1,4
Өзгелері	37,3	30,8

Қазақстанда ШОБ-тың әртүрлі қажеттіліктеріне бағдарланған цифрлық платформалар, кәсіпкерлерге арналған қазақстандық портал - ISMET.kz бухгалтерлік және қаржылық есеп үшін сандық құралдарды ұсынады. Кадрлық жұмыс, құжат айналымы және басқа да бірқатар цифрлық шешімдер, Smart Satu платформасы B2B-сату нарығын цифрландыруға бағытталған және де ЕАЭО-ға қатысушы барлық мемлекеттер үшін аналитиканы ұсынады. Smart Satu Қазақстан Республикасында, Ресей Федерациясында, Беларусь Республикасында, Қырғыз Республикасында жұмыс істейді. ҚР-дағы цифрлық қызметтер нарығы қазіргі уақытта IT қызметтерін ұсынатын тұтынушылардың да, компаниялардың да саны көп, жылдам өсіп келе жатқан нарық болып табылады [5-7].

Шағын және орта бизнес тауарлар мен қызметтерді сатуда сандық құралдар ретінде пайдаланылуы мүмкін:

